

#ӘділеттіҚазақстан

Қазақстанда адал бизнеспен айналысу кез келген адамға тиімді және қауіпсіз болуға тиіс. Бұл – негізгі ұстаным.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



«ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗДА ОЙЛА...»

3

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



ТАҚИЯ ТРЕНДКЕ АЙНАЛДЫ

6

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ



БІЗ – ЧЕМПИОНБЫЗ!

10

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

13.09.2022

Түнде:



+9+11 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

14.09.2022

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №105 (6240) 13 қыркүйек, сейсенбі, 2022 жыл.

МӘСЛИХАТ МІНБЕРІ

АЛМАТЫ ҚАЙТА ЖАҢАРАДЫ



Алматыда шаһар басшысы Ерболат Досаевтың қатысуымен «Қаланы дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларын» бекіту бойынша мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті. Онда 2030 жылға дейін The Global Liveability Index рейтингінің TOP-70 индексіне кіруге талпыну керектігі айтылды. «Бұл – қалалардың жайлылық деңгейінің

интегралды индексі, мұнда тұрғындардың өздері қаладағы өмір сүру жайлылығын 30-дан астам көрсеткіш бойынша бағалайды. Біз Алматыны осы индексте өмір сүру жағдайлары жайлы мегаполис ретінде, бүкіл әлемнің озық технологиялары, инновациялары мен сапалы адами капитал үшін тартылыс нүктесі ретінде көргіміз келеді», – деді қала басшысы.

4

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛ УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ



Жол-құрылыс жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 12–21 қыркүйек аралығында, түнгі сағат 22.00 мен таңғы сағат 06.00 аралығында Райымбек даңғылының Назарбаев даңғылынан Төретай көшесіне дейінгі бөлігінде көлік қозғалысы уақытша толық шектелетін болады.

Алматы қалалық Мобильділік басқармасы мамандарының хабарлауынша, аталған жұмыстар 2022 жылға арналған жоспар аясында жүзеге асырылып жатыр.

Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтінеміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Президент Ұлыбритания королінің ресми таққа отыруына байланысты III Чарльзге құттықтау жеделхатын жолдады.
- Еңбекке қабілетті 9 млн отандасымыз тегін курстардан өте алады.
- Astana Hub фриланс-биржаларда жұмыс істеу негіздерін үйретеді.
- Алматыны дамыту үшін жеке инвестициялар тартылады.
- Ташкент кинофестивалінде Қазақстан киносының күндері «Паралимпиадашы» фильмімен ашылады.
- Мегаполисте үй жануарларын тегін зарарсыздандыру бағдарламасы жүзеге асып жатыр.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ГРАНТ

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»

Байқау уақыты ұзартылды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Александр Данилов жас кәсіпкерлермен кездесті.

Жиында вице-министр алғашқы капиталдың аздығы, несие алуға қиындықтар, жоғары пайыздық мөлшерлеме, мемле-

кеттік гранттардың жеткіліксіздігі жастардың бизнес бастауына кедергі, оған қоса қажетті ақпарат өте аз екенін айтты.

Александр Данилов осыған қатысты елімізде жастар үшін жылына екі жарым процентпен жеңілдетілген шағын несие берудің жаңа тетігі іске қосылатынын еске салды. Осының нәтижесінде 100 мың жасты жұмыспен қамту көзделіп отыр.

— Аймақты аралағанда естіп, көріп

жүрміз. Жастар кәсіп ашуға несие ала алмайды. Толыққанды ақпаратқа қанық емес. Қазір бұл мәселені шешу жолдарын үкімет ойластыруда. Бұған қатысты Мемлекет басшысы да тиісті органдарға нақты тапсырмалар бергені белгілі. Қазір түйткілді мәселелердің себеп-салдары зерттеліп, қаралып жатыр, — дейді вице-министр.

Сондай-ақ, «Дөңгелек үстел» барысында жастарға көмек көрсетуге арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына өтінім беру мерзімі 14 қыркүйекке дейін ұзартылғаны айтылды. Бағдарлама Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай іске қосылған болатын.

Елдің 14–29 жас аралығындағы кез келген азаматы грантқа өтінім бере алады. Ең бастысы — мәдениет, бизнес, IT, медиа немесе ғылым салаларының бірінде инновациялық идеяны әзірлеу. Грант өз бастамасын қолдау және оны дамыту үшін 3 млн теңгені өтеусіз алудан тұрады. Өткен жылы грант саны 30 адаммен шектелген.

— Жастардың өз мәселелерін шешу жолдарын ұсынғаны маған ұнады. Жақын арада тағы бір гранттық байқау аяқталады. Байқау комиссиясы осындай керемет жастар жобаларын әділ жолмен тандайтынына сенеміз. Жалпы, біз бұл тәжірибені өңірлерге кеңейтіп, гранттар санын арттырғымыз келеді, — дейді ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Александр Данилов.

ҚОЛДАУ

ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫ

әлеуметке өте тиімді

Бүгінгі күні Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудағы рөлі орасан. Осы жөнінде толығырақ білу үшін біз Алматы қаласы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалының директоры Ләззат Сағынбековамен тілдескен болатынбыз.



— Ләззат Суанбайқызы, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудағы орны қандай, осы туралы айта отырсыңыз?

— Қазақстанда балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау ата-аналардың жұмыспен қамтылуына байланысты мемлекеттік бюджет және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (МӘСҚ) қаражаты есебінен кешенді түрде көрсетіледі. Бүгінде бала туған кезде ата-аналардың бірі еңбек қызметін жүзеге асыруына қарамастан, бала туғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны бюджеттен алады, оның мөлшері бірінші, екінші, үшінші балаға — 38 АЕК-ті, ал төртінші және одан көп балаға — 63 АЕК-ті құрайды. Сонымен қатар, жұмыс істемейтін аналар бюджеттен бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны алады, оның мөлшері баланың туу кезектілігіне байланысты болады.

Жұмыс істейтін әйелдерге келетін болсақ, олардың мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстанда 2008 жылдан бастап ана мен баланы әлеуметтік сақтандыру енгізілді. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша жұмыс орнынан демалыс беріледі. Осындай демалысты ресімдегеннен кейін болашақ ана жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда МӘСҚ-дан әлеуметтік төлем алуға өтініш береді. Бұл төлемнің

мөлшері демалыстың алдындағы кейінгі жылдағы әлеуметтік аударымдар аударылған орташа айлық табысына байланысты болады. Биыл мұндай төлемді Алматы қаласы бойынша барлығы 13, 6 млрд теңгеге 17 025 жуық әйел алды.

Бала туғаннан кейін ата-аналардың бірі МӘСҚ-дан бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылуы жағдайына төленетін әлеуметтік төлемге жүгіне алады. Төлем мөлшері баланың туған күніне дейінгі кейінгі екі жылдағы орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды. Биыл мұндай төлемді Алматы қаласы бойынша барлығы 1, 05 млрд теңге сомаға 21 666 адам алды.

Осылайша жұмыс істейтін ата-аналар жұмыссыздарға қарағанда әлеуметтік төлемдерді көбірек алады.

— Мемлекет басшысының биылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында бала күтіміне төленетін төлем кезеңін бір жастан бір жарым жасқа дейін ұлғайту көзделген. Осы төлем бойынша алдағы уақытта қандай өзгерістер күтеміз?

— Президент тапсырмасына сәйкес, аналарды әлеуметтік қолдау деңгейін арттыру үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем тағайындау кезеңі бір жастан бір жарым жасқа дейін ұлғайтылатын болады. Бұл ретте бала туғанға дейінгі соңғы 24 ай ішінде кемінде 6 ай әлеуметтік аударымдар түскен адамдар-

ға МӘСҚ-дан төлем тағайындалатын болады. Талап етілетін еңбек өтілінің ең төменгі деңгейі — 6 ай болмаған қатысушыларға бюджеттен бір жарым жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады. Сондай-ақ, еңбек қызметін қайта жалғастырған жағдайда әлеуметтік төлем тоқтамайды, керісінше сол сияқты мемлекеттік жәрдемақы мөлшері деңгейінде жалғасады деп көзделуде.

— Жолдауда отбасының цифрлық картасы туралы да айтылды. Бұл жөнінде неңдей ой қосар едіңіз?

— Баласы бар отбасы үшін, әрине, алаңдаушылықтар көп. Мемлекеттік органдардың цифрлық технологияларды дамытуы және әлеуметтік төлемдерді тағайындау процестерін автоматтандыруы мемлекеттік қызметтердің сапасы мен халық үшін қолжетімділігін арттыру мақсатында көрсетілетін қызмет түрлерін оңтайландыруға мүмкіндік берді. Бұл орайда электрондық қызметтер көрсету қарқынды дамуда. Мысалы, жүктілік және босану бойынша төлем алу үшін egov.kz порталы арқылы, ал бір жасқа дейінгі бала күтімі үшін төлем egov.kz порталы арқылы немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы жүгінуге болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде «Отбасының цифрлық картасын» енгізу басталды. Бұл — әлеуметтік мәртебесіне байланысты, кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандайда бір түрін алу құқықтары туралы ақпарат беретін азаматтардың күн сайынғы «электрондық жаршысы» және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің проактивті форматының жаңа құралы. Яғни енді әр отбасы тиісті төлемдерді өтініш бермей-ақ, түрлі кабинеттердің табалдырығын тоздырмай-ақ, автоматты түрде ала алады. Бұл мұқтаж отбасыларды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Цифрлық карта арқылы әр отбасындағы адам санын, әрбір мүшесіне шаққандағы орташа табысын, жұмысқа жарамсыз жандардың бар-жоғын, баспана, денсаулық жағдайын анықтауға болады. Бұл бүгінгі күні өңірдің және тұтастай елдің әлеуметтік портретін қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге халықты әлеуметтік қорғау шараларын іске асыруға бағытталған мемлекеттік бюджет пен МӘСҚ қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте тұрғындар Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы да дәстүрлі әдіспен төлем алуға өтініш білдіре алады.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



2025 жылдың соңына дейін Алматы халқы орталықтандырылған су жүйесіне 100% қол жеткізеді.



2025 жылға дейін шаһардың жеке секторындағы үйлер 100% көгілдір отынмен қамтамасыз етіледі.



Қаланың жарықтандыру деңгейі 2025 жылдың соңына қарай 80%-дан 100%-ға дейін артады.



1,2 млн ағаш отырғызу, жаңа 7 САЯБАҚ аймағын салу, Баум тоғайы мен Сайран көлінің жағасын абаттандырып, қоғамдық кеңістіктер құру жоспарда бар.



Қалада 2025 жылға қарай 2 жаңа автопарк пен 5 жаңа жанармай құю станциясы пайдалануға беріліп, троллейбус паркі жаңғыртылады.



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗДА ОЙЛА...»

Алматыда қысқы маусымға дайындық жұмыстары жүріп жатыр

Жалпы, Алматыда қысқа дайындық жұмыстары ерте көктемнен басталады да, жаз бойы жүргізіледі. Оған қала көшелерінің бойында, аула-лар ішінде үздіксіз жүргізіліп жататын құбырларды ауыстыру, т.с.с. жұмыстар дәлел. Қысқа дайындықты қала әкімдігінің коммуналдық шаруашылық басшыларын шақырып, жиі өткізе бастайтын отырыстарынан да байқауға болады. Ендеше, алдағы қыс маусымына биылғы Алматының дайындығы қалай? Жалпы, мегаполисте инфрақұрылым мәселелері қалай шешімін тауып жатыр? Осы және өзге де сауалдардың жауабын Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Санжар Алин Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңындағы брифингте айтты. Бұл жолы спикердің атқарылған жұмыстар туралы берген есебін «Almaty aqshamy» газеті сұхбат негізінде ұсынғанды жөн санады.



– Санжар Мендібайұлы, маңызды салалардың біріне жататын қаланың инфрақұрылымында нендей жанылықтар бар, қандай жобалар іске асырылып жатыр?

– Алматы қаласын электрмен, жылумен, газбен, сумен, су бұрумен және көшелік жарықпен үздіксіз қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар

көп. Қазіргі таңда басқармада 77 жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Оның 41-і құрылыс сатысында, ал 36-сы жобалануда. Ауызсу мәселесіне келсек, бүгінде қала тұрғындарын сапалы су құбыры және кәріз желілерімен қамтамасыз ету үшін басқармамен Алатау, Жетісу, Медеу, Наурызбай және Түркісіб аудандарында желілердің ұзындығы 690,2 шақырым болатын 27 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. 11 жоба биыл (желілердің ұзындығы 272,2 шақырым), қалған 16 жоба (желілердің ұзындығы 418 шақырым) 2023-2024 жылдары аяқталады.

2020 жылы Наурызбай ауданындағы «Қарғалы», «Қарағайлы», «Құрамыс», «Таусамалы» шағынаудандарының тұрғындарын сумен қамтамасыз ету үшін 50 мың тұрғынды сумен қамтамасыз ететін «Қарғалы» су тарту құрылысы салына бастады. Сондай-ақ, биыл «Ақжар», «Тастыбұлақ», «Шұғыла», «Таусамалы» шағынаудандары, «Жаңа тұрмыс» және «Қырғауылды» шағынаудандарының 100 мың тұрғынын сумен жабдықтайтын осыған ұқсас құрылысты «Ақсай» өзенінде бастау жоспарлануда. Сондай-ақ, басқарма сумен жабдықтау және су бұру желілерімен қамтамасыз ететін 25 объект жобасын әзірлеуде.

– Алматыны электр қуатымен қамту жұмыстары қалай жүріп жатыр?

– Электрмен сенімді жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында басқарма 10 жоба (Алатау, Жетісу, Медеу және Түркісіб аудандары) бойынша жұмыстар жүргізуде, оның ішінде ағымдағы жылы 4 жобаға нүкте қойылса, қалған жобалар 2023 жылы аяқталады.

Қазір ірі энергонеандар салынып жатыр. 400 мың тұтынушыны қамтитын екі нысанның бірі «Алмагүл» қосалқы станциясының құрылысын жыл соңына дейін, ал «Тұздыбастау» қосалқы станциясының құрылысын келесі жылдың шілдесіне дейін аяқтау жоспарланып отыр. Алатау және Бостандық аудандарында 5 жоба әзірлену сатысында, оның мемлекеттік сараптама қорытындысын осы жылдың соңына дейін алу жоспарда бар.

– Қала көшелерін жарықтандыру жоспары қандай?

– Мегаполисте сыртқы жарықтандыруды орнату жұмыстарының үздіксіз жүргізілетінін өздеріңіз білесіздер. Бүгінде қаланың аудандық әкімдіктері 511 жарықтандырылмаған көшенің тіз-

бесін жасады. Оларға 6854 шам, 6705 тірек орнатуды жоспарлап отырмыз. 8 аудан бойынша желілердің ұзындығы – 210 шақырымды құрап отыр. Бұл бағытта биыл 22 магистральды көшені жаңғыртуды аяқтау және 4 мыңнан астам жарық нүктесін ауыстыру жоспарланып отыр.

– «Қыстың қамын жаз ойла» демекші, алып шаһардың алдағы маусымға дайындығы қалай?

– Бұл бағытта қала бойынша жылу желілерін сынақтан өткізу жұмыстары жалғасуда. Дайындық ресурспен қамтамасыз ететін кәсіпорындардың кестелеріне сәйкес жүргізіліп жатыр. Энерго-кешеннің жылу беру маусымына жалпы дайындығы ағымдағы жылғы 9 қыркүйектегі жағдай бойынша 94%-ды пайызды құрап отыр.

– Қала халқының электрмен, сапалы ауыз сумен, көгілдір отынмен, жылумен қамтамасыз ету көрсеткішін айтып өтсеңіз...

– Алматының жылу желілерінің дайындығы – 97%-ды, электр желілерінің дайындығы – 83%-ды, газ желілерінің дайындығы – 100%-ды, сумен жабдықтау желілерінің дайындығы – 100%-ды, су бұру желілерінің дайындығы – 100%-ды, Алматыжылуэкоэнергo қазандықтарының дайындығы – 85%-ды, АлЭС энергия көздерінің дайындығы – 74%-ды құрайды. Қазіргі таңда жылыту маусымына көппәтерлі тұрғын үйлер мен жалпы әлеуметтік маңызы бар барлық нысандар 100% дайын деп айтуға толық негіз бар.

Алматыда «АЖЖЭ» кәсіпорнымен 110 тонна көмір және 7,9 мың тонна мазут дайындалды. «АлЭС» АҚ кәсіпорнымен 186,5 мың тонна көмір және 19,3 мың тонна мазут сақталған. Ал қала тұрғындарын үздіксіз ыстық сумен және жылумен қамтамасыз етуге тоқталатын болсақ, басқарма Бостандық (Оңтүстік қазандығы (80%) және Наурызбай («Премьера» қазандығы (60%) аудандарындағы 2 қазандықты реконструкциялау жұмыстарын жүргізуде, жұмыстар 2023 жылы аяқталады, бұл 300 мың тұтынушыны жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазандықтар мен жылу желілерін қайта жаңартудың бес жобасы әзірленуде. Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуді (Жетісу және Түркісіб аудандары) 2022-2023 жылдары аяқтау көзделген. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың 8 айында 12 шақырым жылу желісі қайта жаңартылып, 6 шақырым желі оқшауланды.



ТАЗА ҚАЛА

Алып шаһардың тазалығы мен экологиялық жағдайын жақсарту әрбір қала тұрғынының міндеті. Осыған орай, Алматының экология департаменті 17 қыркүйекте еліміздің барлық өңірлерінде өтетін «World Clean up Day 2022» Дүниежүзілік акциясына қатысуға шақырады.

Жыл сайын миллиондаған адам бүкіл әлем бойынша тазалық акциясына қатысып, қоғамдық орындарды қоқыстардан тазартады. Ендеше, Сіз де Алматының тазалығына үлес қосыңыз. Шаһарды көркейту және көгалдандыруға бағытталған сенбілікке қатысыңыз.

Сенбіліктер өтетін орындар:

Алатау ауданы. «Әйгерім» ықшамауданы (жауапты Арман Көкімбаев, тел.: 8 707 165 45 63).

Алматы ауданы. Төле би мен Райымбек арасындағы Үлкен Алматы өзенінің жағалауы (жауапты Абылай Мәкебай, тел.: 8 778 111 55 44).

Әуезов ауданы. Сайран көлінің батыс жағалауы; Үлкен Алматы өзенінің батыс жағалауы, Жандосов көшесінің оңтүстігі (жауапты Ертай Құрманғалиев, тел.: 8 747 111 22 91).

Бостандық ауданы. Абай мен Өтегенов көшелерінің арасындағы Үлкен Алматы өзені (жауапты Нұрсұлтан Оразымбетов, тел.: 8 701 666 56 48).

СЕНБІЛІККЕ ҚАТЫСЫҢЫЗ!



Жетісу ауданы. Ратушний көшесі, 90 (жауапты Куаныш Иешов Куаныш, тел.: 8 771 277 77 81).

Медеу ауданы. «Мұзтау» ықшамауданы (жауапты Алмас Амантай, тел.: 8 708 765 21 59).

Наурызбай ауданы. Райымбек даңғылы «Барлық» базарынан Жуалы көшесіне дейін (жауапты Болат Оңғарбаев, тел.: 8 702 360 36 49).

Түркісіб ауданы. Желтоқсан саябағындағы және Монтажная мен Свободная көшелеріндегі ор; Пархач көлінің жағасы; Ахметов көшесі, 4 А мекенжайындағы және «Қайрат» ықшамауданындағы иесіз учаскелер. (жауапты Нұрлан Пармбаев, тел.: 8 775 604 66 94).

Бетті әзірлеген
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



МӘСЛИХАТ МІНБЕРІ

АЛМАТЫ ҚАЙТА ЖАҢАРАДЫ



Ақтоқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қала әкімі сессияның ашылуында Алматы әкімдігінің қызметкерлері және түрлі қызмет салаларының 130-дан астам сарапшысы бес ай бойы Даму бағдарламасымен жұмыс істегенін айтты.

«Бағдарламаны іске асырудың жалпы сомасы 6,1 трлн теңге. Бұл ретте тартылған жеке инвестиция көлемі 55%-дан асады. Олардың ішінде таяудағы үш жылда 1,3 трлн теңге тарту жоспарланып отыр, ал қалған 2 трлн теңгеден астамы – орта мерзімді перспективада 2030 жылға дейін жалғасады», – деді қала әкімі.

Сондай-ақ, сессия барысында дамудың жаңа бағдарламасы 7 мақсатқа негізделгендігі жайлы атап өтті.

«Даму бағдарламасы осы жылдың ішінде айында мен ұсынған 7 негізгі мақсатқа негізделген, олар: «Жайлы қалалық орта», «Орнықты экономикалық өсім», «Басқарылатын урбанизация», «Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық», «Жасыл Алматы», «Ақылды қала және қауіпсіз қала», – деп атап өтті Е.Досаев.

Алматы агломерациясында қалдықтардан отын өндіріледі

Алматыда 2025 жылға дейін биологиялық ыдырайтын қалдықтарды жинау және қайта өңдеу ұйымдастырылады, сондай-ақ тамақ қалдықтарын жинау және қайта өңдеу кезең-кезеңімен енгізіледі.

Borossa түрік компаниясымен бірлесіп электр энергиясын алу арқылы қалдықтарды газдандыру технологиясын енгізу мәселесі қарастырылуда. Инвестициялаудың болжамды сомасы – 30 млн евро.

Қалдықтарды басқарудың барлық үйесінің тиімділігін арттыру үшін 2030 жылдың соңына қарай инвесторлардың 10 млн евро қаржысы есебінен RDF (Refuse-derived fuel) қазбалы отынды ішінара ауыстыру мақсатында цемент зауыттары үшін экспортталмайтын қалдықтардан отынның балама түрін өндіру зауытын пайдалануға енгізу жоспарлануда.

Бұл шаралар қалдықтарды бөлек жинауды кезең-кезеңімен енгізу және экомәдени деңгейін арттыру есебінен 2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болу көлемін 10%-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қатқыл тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу 2025 жылы 32%-ға, RDF өндірісін ескере отырып, 2030 жылы 60%-ға жетеді. Бұдан басқа, ҚТҚ тасымалдауды басқару жөніндегі бірыңғай серверлік орталықты енгізу барлық ҚТҚ-ды 100% жинау мен тасымалдауды онлайн-режимінде күнделікті бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Алматы агломерациясында қалдықтарды басқару жүйесі бойынша интеграцияланған өзара іс-қимылдың нәтижесі ретінде агломерацияда қалдықтарды кәдеге жаратудың толық циклді утилизациялау арқылы қайталама шикізатты қабылдаудың бірыңғай пункттерінің санын 2023 жылы 60 бірлікке дейін, 2024 жылы 80 бірлікке дейін, 2025 жылы 100 бірлікке дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Ақылды қала»

Бүгінгі таңда қаланың негізгі мақсаты – бірыңғай платформалық ақпараттық жүйелермен біріктірілген жайлы және қолжетімді қаланы құруға бағытталған «Ақылды қаланы» қалыптастыру.

«Ақылды қала» – бұл ірі мегаполистерді ақпараттандыру, ізгілендіру және экологияландыру трендтерін ескеретін қалаларды басқарудың заманауи әлемдік тұжырымдамасы.

Бұл ретте қалалық кеңістікті, әлеуметтік объектілерді және қалалық қызметтерді пайдаланушы ретінде қала тұрғыны «Ақылды қаланың» цифрлық сервистерін пайдалану есебінен өзінің күнделікті міндеттерін шешуге ыңғайлы, жылдам, тиімдірек болуы тиіс. Тиісті талдауды Алматы қаласының Цифрландыру басқармасы қызмет, деректер, АКТ-инфрақұрылымы, ақпараттық жүйелер сияқты салалар бойынша жасадайы зерделей отырып жүргізген.

Қызмет саласын талдау аясында әкімдіктің 22 салада 807 функция атқаратыны анықталды және бұл қызмет 710 нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Сонымен қатар, ірі мегаполистерде



әкімшілік пен халық арасында тиімді байланыс орнату үшін қалалық супер-қосымшалар енгізілуде. Олар бір қосымшада мемлекеттік қызметтерді, қалалық сервистерді алуға, жеке компаниялардың тауарлары мен қызметтерін сатып алуға, қоғамдық көлікті, ауа райын бақылауға, шұғыл қызметтерден хабарлама алуға мүмкіндік береді», – деді Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев.

Ақпараттық технологиялардың сервистік моделіне негізделген ақпараттық жүйелерді интеграциялау және дамыту бойынша жаңа тәсілдерді анықтадық, онда алынған АТ сервистінің сапасын бағалау арқылы қалада барлық технологиялық шешімдерді көлденең бақылау және нарықта ұсынылған сервистермен интеграциялау мүмкіндігі пайда болады.

Деректерді өңдеу және кешенді талдау негізінде Алматы қаласы деңгейінде мемлекеттік басқару процестерін оңтайландыруды қамтитын цифрландыруды одан әрі дамытудың басымдықтары қалыптасты.

Ірі мегаполистерде халықтың өсуі қалалық қызметтер мен сервистерге, қаланың инфрақұрылымына шамадан тыс жүктеме, бұл оның мерзімінен бұрын тозуына әкеледі, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер мен сервистердің уақтылығы мен сапасына деген қажеттілік артып келеді.

«Қала тұрғындары үшін сервистерді цифрландыру» бастамасы аясында:

1) 2025 жылға дейінгі енгізу жоспары бойынша IoT-датчиктерді пайдалану аясында Бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметті іске асыру жалғастырылады;

2) Ахуалдық орталық 2023 жылға дейін тұрғындардың белсенділігін бағалау және қалалық инфрақұрылымның дамуын қадағалау арқылы қала тұрғындары үшін неғұрлым қолайлы өмір сүру жағдайларын жасауға бағытталған жаңа аймақтарды жобалау бойынша өтінімдер беруге арналған сервистермен және деректермен толықтыру бөлімдері қайта пысықталды.

3) 2023 жылдың екінші жартысында «Қала тұрғынының әлеуметтік картасы» енгізілді, ол арқылы біз АӘК төлеуге байланысты әлеуметтік қызметтерді және көмекке аса мұқтаж адамдарға қамқорлықпен қатар басқа да әлеуметтік игіліктерді неғұрлым сапалы ұсынатын боламыз;

4) Барлық қалалық сервистердің онлайн, оның ішінде 2025 жылы мобильді құрылғылар арқылы 100% қолжетімділігі қамтамасыз етілген;

5) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және коммуналдық кәсіпорындардың жұмыс мәртебесін қадағалау, ТЖ бақылау үшін ЖП ЖБО-ға барлық ағындарды шығара отырып, бейнекамералармен жабдықтау қамтамасыз етіледі. 2025 жылға дейін тек орталықта ғана емес, қаланың бүкіл аумағында және 2030 жылға дейін км2-ге 100 бейнекамераға дейін пропорционалды біркелкі орналастырумен бейнекамералардың орналасу тығыздығын қаладағы км2-ге 14,6 камерадан км2-ге 50 бейнекамераға дейін ұлғайтамыз.

Осы жоба аясында биыл Мемлекет басшысы Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы Заңға жеке бизнес камераларын қала қажеттіліктері үшін пайдалануға мүмкіндік беретін түзетулерді бекітті.

Қоғамдық көлік қалай дамитын болады?

Алматыда 2025 жылға қарай 2 жаңа автопарк пен 5 жаңа жанармай құю станциясы пайдалануға беріліп, троллейбус паркі жаңартылады. Жоспарда 200 троллейбус сатып алу бар. Бұл туралы «Алматыны 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі негізгі басымдықтарында» айтылған.

2025 жылға дейін 1200 дизельді автобус газ бен электр тартымына ауысады. Қоғамдық электр көлігі үшін зарядтау инфрақұрылымының желісін құру жоспарлануда (2030 ж.). 2030 жылға қарай электр автобустарына арналған 3 жаңа заманауи депо пайдалануға беріледі. Жеке автокөлікті аз пайдалану үшін 2030 жылға дейін қоғамдық көлікпен тасымалдау сапасы жақсарады. Ол үшін БРТ жүрдек бағыттарының санын арттыру жоспарлануда. Қазір 3097 шақырым жолдың 150 шақырымы немесе 4,8 пайызы бөлінген жолақтар. «Алматы аренадан» Төле би көшесі бойымен жеңіл рельсті трамвайдың (LRT) бірінші желісін іске қосу жоспарланған. Сондай-ақ, шағын мобильділік және басқа инфрақұрылым үшін 60 шақырым жаңа веложол салынады. Бұл қала тұрғындарының қауіпсіз жүріп-тұруына көмектеседі және мультимодальды қозғалыстың санын арттырады.

Алматыда «маятниктік көлік» (келетін және кететін жеке көлік) деңгейін төмендету үшін жұмыс істеп тұрған өндірістерді қаладан ауыстыру және жаңа өндірістер ашу жоспарлануда. Сондай-ақ, қоғамдық көлікпен тасымалдау көлемі ұлғайтылатын болады. 2030 жылға дейін кезең-кезеңмен қалада шығарындылар деңгейі төмен аймақтарда көліктің жүріп өтуін шектейді, автомобиль тұрақтары үшін төлемді арттырады.

Алматы қаласының болашақта даму жетістігі, ең алдымен, оның экономикасының тұрақты өсуімен, қаржылық кірістері және инвестицияларды белсенді тартуымен айқындалатындығы аталып өтті.

Бейнебақылау жүйесіне тұлғаларды тану қызметі енгізіледі

«Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» бағдарламасында күні бүгінге дейін бейнебақылаумен қамтылмаған әлеуметтік объектілерде 7 мыңға дейін бейнебақылау камерасын орнату қарастырылған. Бұл жұмыс келушілер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Бұдан басқа, есепке алынған және жоғалған адамдарды іздеу кезінде жедел әрекет ету, әуежайда, вокзалдарда және адамдар көп жиналатын жерлерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 2026 жылдан бастап барлық бейнебақылау жүйелеріне бейнеаналитика және тұлғаларды тану функциясы интеграцияланатын болады.

2027 жылға қарай бейнебақылау жүйесі Алматы полиция департаментінің жедел басқару орталығына бейне суретті шығара отырып, террористік тұрғыдан осал барлық

объектілер мен көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің аулаларында камералар орнату есебінен кеңейтілетін болады, бұл түгінді, отты, қалдырылған заттарды тану және оларға жедел ден қою сияқты ықтимал қатерлердің болуын қадағалауға мүмкіндік береді.

Алматыны дамыту бағдарламасына сәйкес, 2025 жылға дейін адамдар көп жиналатын жерлерде «SOS дабыл түймесі» шұғыл аудио/бейне қоңырау жүйесін орнату аяқталады, бұл жасалған заңсыз әрекеттерге жедел ден қоюға, сондай-ақ кезекші полиция қызметкерін бейне және аудио байланыс арқылы дереу қосуға мүмкіндік береді.

Қала құрылысы аясында қауіпсіздік мәселелерін шешуде түрлі көзқарасты болдырмау және қолайлы және қауіпсіз көшелерді қалыптастыру процесінің тиімділігін арттыру үшін 2030 жылға дейін көшелерді кешенді реконструкциялау тәсілі – жарық, бейнебақылау, жаяу жүргіншілер аймағы, дренаж, көгалдандыру және велосипед жолы енгізілетін болады.

Көліктік микромобильді инфрақұрылымды салу үшін көшелердің геометриясы өзгертіледі, бұл оларды жөндеу жобасын жасауға мүмкіндік береді, оның аясында проблемалар бірден шешілетін болады: қаланың ескірген жасыл қоры мен нөсер желісін жанарту, халықтың мүмкіндігі шектеулі тобы үшін кедергісіз орта құру, Алматы жолдарындағы апатты төмендету үшін Vision Zero тұжырымдамасының элементтері енгізіледі.

Жыл сайын 6 жаңа мектеп салу қажет

2025 жылға дейін 46,3 мың орынды 71 мектеп пен қосымша құрылыстар салу жоспарлануда. Бұл тапшылықты 68%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. 2021-2022 оқу жылының соңында оқушы орындарының тапшылығы 19,6 мыңды құрады.

Жаңа оқу орындарын салу қазіргі заманғы материалдарды, оның ішінде жабдықтар мен жиһаздардың толық жиынтығын қолдана отырып, бірыңғай стандартты көздейтін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында іске асырылатын болады.

Мектептерді бақылау жүйесімен жаратандырудың 2 жылдық бағдарламасы әзірленуде

«Мектептерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық мектептер мен интернаттарды қолжетімді бақылау жүйесімен (турникеттер), бейнебақылау камераларымен және жедел басқару орталығына шығатын дабыл түймелерімен жаратандырудың 2 жылдық бағдарламасы әзірленетін болады», – деп жазылған қаланы дамыту бағдарламасында.

Жекеменшік балабақшаларда мемлекеттік тапсырыс 20 мың орынға ұлғайтылады

«2025 жылға қарай 15 мың орынды, 2030 жылға қарай 5 мың орынды орналастыру жоспарланған, жалпы мемлекеттік тапсырыс 20 мың орынға ұлайтылатын болады», – делінген Алматы қаласын дамыту бағдарламасында.

Жұмыссыз және оқымайтын жастардың үлесін екі есе қысқарту жоспарлануда

Алматыда біліммен, жұмыспен немесе біліктілікті арттырумен қамтылмаған жастардың үлесі (ағылш. NEET-not in Education, Employment or Training), 2025 жылға қарай қазіргі 6,3%-дан 4,5%-ға дейін және 2030 жылға қарай 3%-ға дейін қысқарту жоспарланып отыр.

«Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасында және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларында» жастардың өзін-өзі дамытуы мен дамуы үшін тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған шаралар кешенінің күтілетін нәтижелері осындай болуы тиіс екені қарастырылған.

Ресми статистика бойынша, Алматыда 14–29 жас аралығындағы азаматтардың жалпы санынан NEET үлесі 6,3%-ды (440 мыңның 27,7 мыңы) құрайды. Жыл сайын қала тұрғындарының бұл санаты жоғары оқу орындарын, оның ішінде басқа қалалардан келген түлектер есебінен толықтырылады, өйткені түлектердің жалпы санынан шамамен 12 мың адам оқу бітіргеннен кейін бір жыл ішінде жұмыс таба алмайды.

Оқу орындарының түлектерін әлеуметтік бейімдеу және жұмысқа орналастырудың тиімді процесі үшін жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қоры базасында 2022 жылы жоғары оқу орындарының, жұмыс берушілер мен мемлекеттік органдардың мансап орталықтарының өзара іс-қимыл жүйесін енгізе отырып, қалалық мансап орталығы құрылатын болады.



● АЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ VII СЪЕЗІ ҚАРСАҢЫНДА

ІЗГІЛІК ПЕН БЕЙБІТШІЛІК АЛАҢЫ

Дінаралық келісім – жалпы адамзат үшін ортақ игілік



14-15 қыркүйекте Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі өтті. «Пандемиядан кейінгі кезеңде адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің рөлі» деген тақырыпта өтетін ауқымды жиынға ислам, христиан, буддизм, яһуди, индуизм, синтоизм және басқа діни ұйымдардың жетекшілері мен өкілдері қатысады. Рим папасы Францисктің қатысуы форумның мерейін арттыра түспек.

2003, 2006, 2009, 2012, 2015 және 2018 жылдары еліміздің астанасында өткен Дүниежүзілік астанасында өткен Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының съездері тәуелсіз Қазақстан тарихында ғана емес, әлемдегі аса ірі халықаралық іс-шаралардың бірі. Бұл съездер Қазақстанның дінаралық сұхбат үдерісіне қосқан қомақты үлесі болды және төзімділік, өзара түсіністік пен ынтымақтастық қағидаттарын нығайтуда әлемдік қауымдастықтың алдында айрықша орын алды. Форумдардың сәтті өтуі Қазақстанға үлкен саяси дивидендтер әкеледі, қазіргі заманның аса өзекті проблемаларына жауап бере алатын мемлекет ретінде халықаралық аренадағы еліміздің беделінің артуына себепші болды.

Тарихқа көз жүгіртсек, Дүниежүзілік діндер съезіне ұқсас шараны XIII ғасырда Қарақорым-

да Шыңғысханның өткізгені туралы дәл емес деректер кездеседі. Дегенмен, дінаралық сұхбат мәселесі соңғы жүзжылдықтарда өзекті түрде көтеріле бастады.

Христиандар мен мұсылмандардың алғашқы ресми кездесуі 1970 жылы 20 желтоқсанда Ватиканда жүзеге асты. Конфессиялар арасындағы келесі бір маңызды шаралар 1972 жылдың 18 шілдесінде Ливандағы ислам-христиан кездесуінде, 1974 жылдың 9–15 қыркүйегінде Кордовадағы ислам-христиан конгресінде, 1974 жылдың 11–17 қарашасында Тунистегі христиан-ислам коллоквиумында, 1986 жылы Италияның Ассизи қаласында әкүмендік бата жасауға көптеген дін өкілдерінің жиналуы діндер арасындағы сұхбатқа жол ашты.

Ал Әлемдік және дәстүрлі діни конфессиялардың Бүкілдүниежүзілік съездерінің Елордада өткізілуі осы дінаралық сұхбатты одан әрі дамыта түсті және бұл үдеріске әртүрлі дін өкілдері мекен ететін біздің еліміз де белсене араласты.

Осындай халықаралық және жергілікті форумдарда дінаралық сұхбат мәселесінің көтеріліп, талқылануы қазіргі әлемде діннің өте маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Дін ізгілік пен бейбітшілік негізінде адамдар мен қоғамды топтастыратыны, заман талаптары мен қауіптеріне лайықты жауап бере алатыны, адамгершілік мәдениетті көтеретіні ақиқат. Дінаралық келісім адамзат үшін ортақ игілік болары сөзсіз.

Бақытжан САТЕРШИНОВ,
ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, профессор, философия ғылымының докторы.



● МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

әлеуметтің осал топтарын қамтиды

Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын жүзеге асыру шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 2022 жылғы 19–30 қыркүйек аралығында мемлекеттік гранттар алуға өтінімдер қабылданады.



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Халықты жұмыспен қамту орталығының ақпараты бойынша, қазіргі гранттар халықтың әлеуметтік осал топтарына жұмыссыз немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан кем болатын жеке кәсіпкер ретінде грант беруге өтініш бергенге дейін

немесе бірыңғай жиынтық төлем төленгенге дейін тіркелген жағдайда беріледі.

Бұл ретте үміткер мынадай әлеуметтік санаттардың біріне енуі тиіс:

- 29 жасқа дейінгі жастар;
- АӘК алатын аз қамтылған отбасылар;
- көпбалалы отбасылар – сол бойынша жәрдемақы алушылар;
- қандастар, қоныс аударушылар;

– мүгедек баланы тәрбиелеп отырған тұлғалар – жәрдемақы алушылар;

- еңбекке қарсы көрсетілімдері жоқ, еңбекке жарамды мүмкіндігі шектеулі адамдар;
- асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы алушылар.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттар бастапқы бизнесті іске асыруды жоспарлайтын ұлттық жобаға қатысушыларға бір рет, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 400 АЕК-ге дейінгі мөлшерде (2022 жылғы 1 225 200 теңгені құрайды) өтеусіз және қайтарымсыз негізде беріледі.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант алу үшін үміткер

● ЭКОЛОГИЯ

«ALMATY&ECOLOGY» ЧАТЫ АШЫЛДЫ

Қалада экология саласындағы өзекті мәселелер талқыланды

Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі экология саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ауқымды жұмысты бастады.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Бүгінде экология саласындағы сыбайлас жемқорлық қала тұрғындарын толғандыратыны жасырын емес. Қаланың негізгі экологиялық мәселелері – ауаның ластануы, қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату, көгалдандыру мәселелері және жоспардан тыс құрылыс жұмыстары. Осы салалардағы олқылықтарды жою мақсатында қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ведомствосының бастамасымен экология саласындағы уәкілетті органдардың және қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен кездесу өтті. Жиынға Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, экологтар мен қоғам белсенділері, т.б. қатысты.

«Жиынның негізгі мақсаты – қаланың экологиялық жағдайын анықтап, жақсарту жұмыстарын талқылау. Кемшіліктерді жоюды бақылауға аламыз. Біз көбіне мемлекеттік қызметкерлер арасында профилактикалық жұмыстар жүргіземіз. Сыбайлас жемқорлықты ескерткені үшін сыйақы беріледі. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық жазасының қатаңдығы туралы түсіндіреміз. Бұрынғыдай шартты түрде жаза берілмейді. Сондықтан биылдан бастап қызметкерлердің өздері кәсіпкерлердің тарапынан пара беру туралы ақпаратты хабарлауда. Биыл «77 млн теңге пара беремін» деген кәсіпкер келгендігі жөнінде факт келіп түсті. Сол кәсіпкерге қатысты іс қозғалды.


Тергеу жүргізілуде», – деді Превенция басқармасының басшысы Қанат Әсембайұлы.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің алдыңғы қатарында азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған маңызды мәселелерді шешу тұр. Бүгінгі кездесуде шешімін таппай жүрген өзекті мәселелерді анықтап, жою үшін нақты шаралар қабылданады деп ойлаймын», – деп атап өтті Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің өкілі.

Департамент өкілдері атап өткендей, қаланың экологиялық жағдайын жақсарту бойынша мәселелерді жедел шешу мақсатында жұмыс тобы құрылып, Telegram мессенджерінде экология саласындағы ұсыныстар мен шағымдарды хабарлау үшін «Almaty&Ecology» чаты ашылды.

Кездесу барысында қатысушылар сыбайлас жемқорлықты жою үшін бірқатар ұсыныстар айтты.

«Өкінішке қарай, Алматы қаласында бірнеше жыл бойы экологиялық жағдай күрделеніп келеді. Әрбір қала тұрғыны қандай экологиялық жағдайда өмір сүретінін білуге құқылы деп санаймыз, өйткені қаланың болашағы осыған байланысты. Бізді қоршаған ортаға әсер ететін көптеген мәселе алаңдатады. Қазіргі таңда халық арасында экологиялық сананы қалыптастыру өте маңызды. Ол үшін біріміз бұл жұмысты ең алдымен бала тәрбиесінен, отбасыдан бастауымыз керек», – деді ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтайдың мүшесі Айнұр Сәбитова.



Грант алу үшін міндетті түрде: – «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқуды аяқтағаны туралы сертификаттың (өтініш берген сәтте сертификатты алған күннен бастап 3 жыл есептеледі);

– үміткердің нәтижелері – порталда белгіленген талаптарға сәйкес;

– комиссияның оң шешімі болуы шарт.

Грант алуға өтінімдерді қабылдау кезеңдер бойынша (I кезең – 2022 жылғы 1–14 сәуір, II кезең – 8–19 тамыз, III кезең – 29 тамыз – 9 қыркүйек, IV кезең – 19–30 қыркүйек) business.enbek.kz порталы арқылы онлайн-режимде жүргізіледі.


Бұл жөнінде толық ақпарат алғыңыз келсе, Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығына (Достық даңғылы, 85-үй, тел.: +7 (727) 310-21-31, эл.поштасы: info@cz-almaty.kz) хабарласуға болады.



УЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ТАҚИЯ ТРЕНДКЕ АЙНАЛДЫ

Тоқсаныншы жылдардың бас кезінде қазақтың ұлттық киімдерін Наурызды тойлағанда ғана киетінбіз. Қос етек көйлекті, қапсырмалы бешпет пен оюлы тақияны тек дәстүрлі өнер өкілдері мен әнші-бишілер киеді деп қабылдадық. Кейіннен ұзатылатын қыздар қазақтың ұлттық киімдерін кие бастады. Біртіндеп той-томалақтарда қазақы ою-өрнекті киімдер сәнге айналды. Бүгінде ұлттық стильдегі киімдер мен аксессуарлар жаңа заманға лайықталып, қайта жаңғыруда.



Айнұр
СЕНБАЕВА

МИНИМАЛИЗМ СТИЛІ СӘНДЕ

Кейінгі кезде қазақ қыздарының арасында тақия кию трендке айналды. Тек той-томалаққа ғана емес, театрға, концерттерге, тіпті көшеде де қыздардың тақия киіп жүргенін жиі кездестіретін болдық. Тақияны тек қыздар ғана емес, тіпті жас келіншектер де киіп жүр.

тердің, жалпы қазақ жастарының ұлттық нақыштағы дүниелерге деген қызығушылығының арта түскені куантады.

Белгілі отандық дизайнер Еркеназ Ақтілеуованың айтуынша, бүгінде ұлттық бас киімдерге сұраныс жоғары. Дизайнер жұбайы Әлішер Бақытпен бірге алғаш қыздарға арналған тақияларды шығара бастағанда бас киімнің барынша қазақы нақышта болуына назар аударғанын айтады. Олар трендке айналған бас киімді ұлы Абай киген тақияның формасына ұқсатып жасаған.

«Алғаш тақияны тіге бастағанда өз-

бейімдеу керектігін алға тартады. «Ұлттық киімдерімізді брендке айналдыру үшін жаңа заманға лайықтап, күнделікті тұрмыста қолданылуға ыңғайлы етіп жасау керек», – дейді ол.

ӘЙЕЛДІҢ КӨРКІ

Қазақтың ұлттық киімдерінің ішіндегі ең сәндісі де, мәндісі де – әйел адамның бас киімдері. Соның ішінде тақияның орны ерекше, өйткені бұл бас киімді қыздар ежелден-ақ күнделікті тұрмыста киген. Тақия – барқыттан, қамқадан тігілетін жазғы жұқа бас киім. Қазақ қызда-

дерге арналған бас киімдер болып екіге бөлінеді. Әйелдерге арналған бас киімдер көзтартарлықтай ерекше безендірілетін болған. Өнертанушылардың айтуынша, тақияны тұрмысқа шықпаған қыздар киген, бірақ оны кию міндетті саналмаған. Тақия Қазақстанға Орта Азия қолөнершілері арқылы келген деседі. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ тұрмысын зерттеушілердің жазуына қарағанда қыздар киетін тақияның төбесі үшкірлеу келген. XIX ғасырдың соңында төбесі дөңгелек түрінде тұтас ойылған, онша биік емес цилиндр пішіндісі пайда болған. Қыздар тақиясы алтын және күміс кестелермен өрнектелген. Бас киімдер майда моншақ, қымбат тастар, маржан, шашақтармен әшекейленген. Қыз балаларды тіл-көзден сақтасын деген сеніммен тақияның бөбесіне майда моншақ жіптермен үкі таққан. Үкі қазақтың түсінігінде әсемдіктің белгісі. Ертеерте киімдердің етек-жеңіне ою-өрнек салу, үкі тағу жын-перілерден, пәле-жаладан, ауру-сырқаудан қорғайды деген сенімнен туған. Сондай-ақ, үкіні тақия, сәукеленің төбесіне, домбыраға, бесікке қадаған.

Қазақ қыздары үкілі тақияны үш жасынан бастап 18 жасқа дейін, яғни бойжеткенше киген. Бес жасқа толғанда шашын өріп, шолпы таққан. Ал бойжеткен соң қамшат бөрік киген. Қыздардың тақиясы қызыл, алқызыл, күлгін, жасыл түстермен барқыт секілді матадан сырып тігілген. Ол түрлі-түсті моншақ-маржанмен безендірілген.

Халқымызда тақия – тек қыздардың ғана емес, ер адамдардың да бас киімі. Ер адамдардың арасында тақияны тастамай киетіндер бар. Ерлердің тақиясы әшекейлермен безендірілмейді, олар биік төбелі, тегіс төбелі, үшкір төбелісін киеді. Оларға мүйіз, шырмауық секілді өрнектер салынады, тақия пүліштен, ал астарын жібек матадан тігіледі.

Кейде аулада ойнап жүрген кішкене қыздардың арасында басына хиджап киген балақайларды байқап қаламын. Құрдастарымен есі шығып жүгіріп, секіріп ойнап жүрген қыз балалар басына не үшін орамал тағып жүргенін өздері де түсінбейді. Бала ғой. Ата-анасы басына орамал тағып берген соң солай жүре береді. Осындайда өз тамырымыздан ажырап, не қазақ емес, не басқа емес, әркімге еліктеуші халық болып кеткенімізге қынжыласың. Сондықтан ұлттық киімдерімізді киюдің де өзіндік сыры, ерекшелігі, мән-мағынасы болатынын біле жүрсек екен.



Ұлттық киімдер мен бұйымдар шығаруды кәсіпке айналдырған кәсіпкерлердің айтуынша, тақияны негізінен 16–25 жас аралығындағы қыз-келіншектер алады екен.

Қазіргі заманға лайықталып, минимализм стилінде тігілген тақиялар қазақ аруларының көркін аша түсті. Әлеуметтік желіде «тақияны тек тұрмысқа шықпаған жасөспірім қыздар ғана киген, бүгінде оны келіншектер де киіп жүр» деген де пікірлерді көзіміз шалып қалды. Дегенмен, соңғы кездерде қыз-келіншек-

бекше сияқты болып кетпеуіне, түсі тым қанық болмауына назар аудардық. Тақияларды аса қатты әшекейлеу, фурнитураны көп қолдану сәнін кетіреді және күнделікті өмірде киюге ыңғайсыз. Қазіргі жастардың талғамына сай етіп, минимализм стилінде шығаруымыздың өзі жастардың ұлттық киімдерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында болды», – дейді Әлішер Бақыт.

Дизайнер ұлттық киімдер мен аксессуарларды ғана емес, ұлттық дүниенің бәрін қайта жаңғыртып, қазіргі заманға

ры киген тақия ертеерте алтын-күміс әшекейлермен, ақ тиын, сусар, бұлғынның үлбірлерімен сәнделген.

Өнертанушы Сабыркүл Асанованың «Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы» еңбегінде қазақтар ұлттық бас киімдерін XV ғасырда Қазақ хандығы орнағаннан бастап кие бастағаны айтылады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап халық киімдеріне өзгерістер ене бастаған.

Тарихи мәліметтерге сәйкес, қазақ халқының бас киімі ерлерге және әйел-



ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

ӨНЕР ОРДАСЫ ШАҚЫРАДЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында жаңа маусым ашылды

Абай атындағы опера және балет театрында 89-шы маусым ашылып, OPERALIA классикалық өнердің халықаралық фестивалі басталды.



Досбол
АТАЖАН



Өткен демалыс күндері Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры өнер сүйер қауым үшін есігін айқара ашты. Қалыптасқан дәстүр бойынша жаңа маусым OPERALIA фестивалінің бірінші күнгі бағдарламасына енген Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсымен ашылды. Операның басты партияларын Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы ҚазҰОБТ жетекші солісі Талғат Күзембаев (Абай), Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Шымкент қалалық опера және балет театрының директоры, Париждің «Гранд Операдағы» Қазақстаннан шыққан алғашқы солист Майра Мұхамедқызы (Ажар), ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Астана Опера» театрының жетекші солісі Мейір Байнеш (Айдар) орындады.

Майра Мұхамедқызы мен Мейір Байнеш – Абай атындағы Алматы опера және балет театрының тәлімгерлері. Бүгінде халықаралық дәрежеде танылған әртістер ұзақ жылдар бойы осы театрға қызмет етіп, өнер ордасына туған үйіндей бауыр басқан. «Абай» операсының көрсетілімі алдында өткен баспасөз мәслихатында Майра Мұхамедқызы мен Мейір Байнеш тәлім алған «қара шаңыраққа» алғыс айтып, алматылықтарды шуақты қаламыздың туған күнімен құттықтады. Маусымашардың екінші күні көрермендерге классикалық балет – Петр Чайковскийдің «Аққу көлі» көрсетілді. Ондағы басты партияларды Абай атындағы ҚазҰОБТ солистері, халықаралық конкурстардың лауреаттары Малика Ельчибаева (Одетта, Одиллия) және Азамат Асқаров (Ротбарт), сондай-ақ Санкт-Петербургтен келген қонақ, «Мариин» театрының солісі – Никита Корнеев (Зигфрид ханзада) орындады.

«Жергілікті балет труппасының өнері мен кәсіби деңгейі біздің

театрларымыздан, соның ішінде Мариин театрларынан еш кем түспейді. Барлық өнерпаз нағыз кәсіби мамандар, барлығы жақсы дайындықтан өткен әрі шынайы ар-ұжданмен еңбек етеді. Мұндай жұмысты, кәсіби этиканы көру өте жақсы. Малика Ельчибаевамен біз Мәскеудегі конкурста таныстық, енді бірге жұмыс істеуге мүмкіндік туды», – деп пікір білдірді Никита Корнеев. Ол баспасөз конференциясында Алматы туралы ойымен де бөлісті:

– Мен жергілікті әртістермен барынша араластым, ең жақсы нәтиже көрсету үшін спектакльден бірнеше күн бұрын арнайы келдім. Осы бірнеше күн ішінде Алматыны тек жақсы қырынан таныдым, керемет табиғат көрінісі мен жергілікті халықтың мәдениеті маған тек жақсы әсер қалдырды.

Фестивальдің үшінші күні, 14 қыркүйекте ұйымдастырушылар қазақстандық композитор Еркеш Шакеевтің симфониялық шығармаларынан тұратын REMEMBER ME бірегей концерттік бағдарламасын ұсынады. ҚазҰОБТ бас дирижері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ерболат Ахмедьяровтың айтуынша, бұл концерт бір-ақ рет тек Лондонда көрсетілген:

– Бұл көпшілікті Еркеш Шакеевтің симфониялық шығармаларымен таныстырған алғашқы концерт болды, бұған дейін ол негізінен эстрада үшін жұмыс істейтін композитор ретінде танымал болған. Енді Еркеш Шакеев өзін басқа қырынан көрсетуге бел буды. Лондондағы концертте корольдік филармония оркестрі оның шығармаларын ойнады. Бұл концертті Мәдениет және спорт министрі

көріп, Алматыда қайталауды өтінді. Біздің театрдың симфониялық оркестрінің жанды орындауында Еркеш Шакеевтің туындылары осы фестивальде шырылады, концертке Ұлыбританиядан келген пианист Оливер Пул және Венадан келген скрипкашы Русанда Панфили қатысады. Бұл Лондон концертінің қайталануы болады, онда концерт екі жарым сағат өтті. Ал мұнда біз концертті көрермендеріміз өздерін жайлы сезіну үшін мүмкіндікке қарай және композитордың Алматыда тыңдағысы келетін бағдарламасы бойынша ұйымдастырамыз.

Дирижердің айтуынша, концертке Еркеш Шакеевтің өзі көрермен ретінде қатысуы керек.

Ал 16 қыркүйек күні Оңтүстік Кореяның мәдениет қайраткерлерінің концерті өтеді. Сахнада Kim Se Yun (баритон), Kim Hye Jin (сопрано), Yoo Sanghyun (тенор) өнер көрсетеді. Абай атындағы ҚазҰОБТ симфониялық оркестріне «ПьонгТэк филармония» оркестрінің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері, Сеулдің концерттік оркестрінің бас дирижері, ПьонгТэк университетінің профессоры Те Чол дирижерлік етеді.

Фестиваль 18 қыркүйекте Майра Мұхамедқызы, Мейір Байнеш, Kim Se Yun, Kim Hye Jin, Yoo Sanghyun және арнайы шақырылған қонақ – белгілі чех баритоны, Еуропалық өнер одағының көркемдік және мәдени қызмет саласындағы ең жоғары наградасының иегері – Филип Банжактың қатысуымен өтетін галаконцертпен аяқталады. Бұл іс-шаралар Абай атындағы опера және балет театрының алматылықтар мен қала қонақтарына арнаған сыйы болмақ.

КИНОФЕСТИВАЛЬ

ЖАСТАРҒА ШАБЫТ СЫЙЛАДЫ

VII Baiqonyr International Short Film Festival шымылдығы ресми жабылды. Кинофестивальдің ұлттық байқауындағы басты марапат – «Үздік фильм» атағын режиссер Михаил Плисконың «Рух» атты қысқаметражды картинасы жеңіп алды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Фильм өмірдің мәнін материалдық пайдаға ауыстырған Ерғалым есімді орта жастағы жүргізушінің оқиғасын баяндайды. Ол баласыз әйелі Жұлдызбен ажырасуға өтініш береді. Осы уақытта балалар үйінен 12 жасар бала Фарух қашып кетеді. Тағдыр Ерғалым мен Фарухты кездестіреді, нәтижесінде екеуінің де өмірі түбегейлі өзгереді.

Халықаралық байқауда Саха республикасынан (РФ) келген режиссер Иларион Яковлевтің «Таксист» картинасы үздік атанды. Бұл жұмбақ жолаушыны кездестірген Толи есімді жүргізушінің оқиғасы... Анимациялық байқауда ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының кө-

мегімен түсірілген Дильшат Рахматуллиннің «Бесік жыры» туындысы үздік шықты.

Ұлттық байқауда ҰКҚМО-ның қолдауымен түсірілген тағы бір картина жүлделі болды – «Құс» фильміндегі рөлі үшін Ақмарал Зыкаева «Үздік актриса» атанды. Сонымен бірге, «Қазақфильм» киностудиясының арнайы сыйлығын – толықметражды көркем фильмді бірлесіп шығару кезінде техникалық қамтамасыз ету мүмкіндігін Әлішер Жәдігеров «Қантар» атты жұмысымен ұтып алды. Бұл Әлішердің халықаралық кинофестивальдердегі бірінші жүлдесі емес. Бұған дейінгі еңбектері – «Отау» және «Балық сорпа» қысқаметражды фильмдері Оңтүстік Корея, Португалия, Иран, Түркия және Италиядағы бәйгелердің жүлдегерлері атанған. Ал «Карантин» атты деректі фильмі



5-ші Baiqonyr ISFF-нің «Ең үздік деректі фильм» деп танылған еді.

Естеріңізге сала кетейік, Baiqonyr – Қазақстандағы тұңғыш халықаралық қысқаметражды фильмдер кинофестивалі. Ол жеті жылдан бері жас кинематографтерге қолдау көрсетіп келеді және Қазақстанда ғана емес, жакын және алыс шетелдердің ондаған елінде де жаңа есімдерді танытуда.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

«ӘЛІПБИДІ» ТҮЗІП, «ӘЛІППЕНІ» ЖАЗДЫ

Өзі қараңғылық заманында жүрсе де, халқын алға, алыстан көрінген жарық сәулеге қарай жетелеген Ахмет Байтұрсынұлының атын «Әліппесі» арқылы шамшырақтай жаға біліп, қалғып кеткен ұлттық сананы қайта жаңғырту – тарихи ерлік те, алғыс та, халықты ағарту жолында жанын салған адал перзентіне берген серттей уәдеміздің орындалғаны да.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әліпбиді» түзіп, «Әліппені» жазып, қазақ тілінің 300-ден астам терминін жасап, тілімізді жүйелеп сипаттап берді. Әдебиетімізді терминмен байытып, жүйелі ғылым курсына айналдырды, одан басқа педагогика, дидактика, әдістеме ғылымдарын орын-орнына қойып, кеңестік жүйенің тегеурініне шыдас беретін, сөйтіп Ана тілімізді сақтайтын темірқазықты орнықтырып кеткен еді. Біз өз тарапымыздан Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасын дарындылықтан жоғары тұратын «данышпандық кодтарды шешу» деңгейінде қарастыру керек деп ойлаймыз. А.Байтұрсынұлының қазақ тілін, қазақы сөйлеудің үндестік заңын бұздырмау үшін жасаған барлық күресі, тартысы – қазақтың ерекше келбетін тарих сахнасында бұзбай алып қалудың қамы... А.Байтұрсынұлы әліпби жасауда дыбыстардың айтылуы мен артикуляциялық аппарат мүшелері қатысуына қарай жіктей келе, қазақ дыбыстарын жүйелесуде өз заманы үшін теңдесі жоқ жаңалық жасады.

АХМЕТТАНУ

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ «ДЫБЫСТЫ ӘДІСІ» «ӘЛІППЕНІ» ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МОДЕЛІ

А.Байтұрсынұлы көрсеткен «дыбысты әдіс» – бірнеше компоненттен құралған, алгоритмдері ашық жүйе, заманауи әдістерді қосу мүмкіндігі берілген, біртұтас дыбыстарды меңгерту жүйесі. Осы жүйені «Қазақ «Әліппесін» дыбысты әдіспен оқыту технологиясы» деп атап, осы бағытта, яғни жаңа арналы әдістемелік зерттеулер жүргізу керек деп ұсынамыз. Ол дыбысты әдіспен оқыту технологиясының жүйелік-құрылымдық моделі келесідей болуы дұрыс деп ойлаймыз.

- «Әліппені» дыбысты әдіспен оқыту технологиясы;
- Дыбысты әдісті қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздемесі;
- ЖОО бастауыш білім педагогтарын дайындау стандарты;
- «Әліппе» оқу бағдарламасы;
- Дыбысты әдіс бойынша арнайы жаттығулар жүйесі;
- Қазақ тілінің сингармонизм заңдылығы – лингводидактикалық тұғыр ретінде лингвистикалық негізі ретінде;
- «Әліппетану» арнаулы курсы;
- «Ахметтану» арнаулы курсы.

Бұл модельдің жүзеге асырылуы үшін мынадай алгоритм-қадамдар орындалуы тиіс: «дыбысты әдіс» ұғымы жоғары оқу орындарында бастауыш білім педагогтарын дайындау стандартына енгізілуі керек. «Әліппе» оқу бағдарламасының басты компоненті ретінде «дыбысты әдіс» алынуы тиіс. «Әліппетану» курсы құрастырылып, негізгі тарихи-әдістемелік материалдар жүйеленуі қажет. «Ахметтану» арнаулы курсы құралып, Ахмет Байтұрсынұлының лингводидактикалық мұрасы жүйеленгені дұрыс.

Қазақ тілінің сингармонизм заңы лингводидактикалық мақсатта сипатталуы қажет. Дыбысты әдісті қолданудың психологиялық-педагогикалық тұғырлары жүйеленуі керек. «Әліппені» дыбысты әдіс жүйесінде оқытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі әзірленуі тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әліпбиі» мен «Әліппе» құралдары – заманында ғана емес, қазіргі кезде де өзінің озық үлгі бола алатынын дәлелдеген аса қымбат мұра. Әсіресе, сауат ашу үдерісімен жарыстыра балалардың ойы мен тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыру мәселелері дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан жетік шешімін тапқан. Сондықтан саяси себептердің салдарынан ұзақ жылдар бойы тыйым салынған, елімен қайта қауышып отырған отандық «Әліппе» жасау ісіндегі мұндай озық үлгіні бүгінгі қажетімізге жарату, онда қолданылған әдіс-тәсілдер жүйесін қазіргі заманға лайықтап жаңартып пайдалану – кезек күттірмес міндет.

Әзия ЖҰМАБАЕВА,
Несібелі ҚҰРМАН,

педагогика ғылымының докторлары, профессорлар.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

«Қазақ халқының бостандығын алу жолын ұзақ уақыт іздегеннен кейін...»

«Қанишама жыл қиналып келген қазақ халқының бостандығын алу жолын ұзақ уақыт іздегеннен кейін менің мынаған көзім жетті: ... РКП бағдарламасында аймақтағы ұлттық қарым-қатынас жөнінде ұлттың өзін-өзі анықтаудағы ... Ленин жолдас-тың көзқарасында ... қаналушы ұлт ретінде қырғыз халқының мүддесін толық қамтамасыз етуге мүмкіншілік жасайтындары айтылған. Осындай бағдарламадағы айтылған істерді, әсіресе, Шығыс істерін жүзеге асыруға көмектесу үшін Ресей коммунистік партиясының құрамына кіруге шешім қабылдадым».

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

1920 жыл, сәуір.

(Ұлт ұстазының коммунистік партия қатарына қабылданғандағы жазбасынан).



ЖОЛДАУ – 2022

Алға жылжудың кепілі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауымен Сейсмология институтының ұжымы да жете танысып, талқылауда.

Президенттің өзі атап өткеніндей, еліміз жаңа кезеңге қадам басуда. Жаңа, әділетті қоғам құру жолында бірқатар игі шараларды жүзеге асыру қолға алынып жатыр. Жолдаудың аталуынан да айқын аңғарып тұрғанымыздай, Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам дегеніміз қастерлі ұштаған ұғымын білдіреді. Яғни халқымыз әділетті қоғамда біртұтас ұлт болып, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» еңбек етіп өмір сүрсе, іргеміздің берік болатыны, әлеуметтік-экономикалық бағытта талай биік асулар мен табыстарға жететініміз сөзсіз. Қазақстанымыз гүлденіп, өркендеуі үшін әркім өзіне тапсырылған іске жоғары жауапкершілікпен қарап, сапалы еңбек етуімен үлес қосуы қажет. Сонда ғана еңсесі биік ел боламыз. Халықтың өзара тату-бірлігі берекелі қоғамның берік іргетасын қалайды.

Қоғамымызда шешуін күткен күрделі мәселелер аз емес. Президентіміз Жолдауында алға басуымыздың бес бағдарын және оны жүзеге асырудың жолдарын да атап көрсетті. Соның «Жаңа экономикалық саясат» атты бірінші бағдарында макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру, сонымен қатар, шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнату қажет екенін бірінші кезекте атап өтуі берекер емес. Бұл мәселелер алдыңғы кезекте шешімін тапса, дамудың даңғыл жолына түсетініміз айқын.

Институтымыз Қазақстан халқын жойқын зілаладан сақтандыру және оның алдын алу бағытында іргетасы 1976 жылы құрылған еліміздегі осы бағыттағы бірегей мекеме. Биыл жыл басынан бастап ҚР ТЖМ-нің құзырына өттік. Осы күні кеше Қостанай облысының орманды алқабын және елді-мекендерін шарпыған алапат өртті сөндірумен алғашқы кезекте төтенше жағдайлар департаменттерінің ұжымдары арпалысты. Тіпті, бүкіл ел болып тілсіз жаумен күресті. Өрт орасан зор әлеуметтік және экономикалық үлкен шығын әкелді. Мамандар өртенген орманды алқапты қалпына келтіру үшін кем дегенде елу жыл қажет деп отыр. Біз біртұтас қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, мұндай жағдайда сырт қала алмаймыз. Ел болып, жұрт болып, кездескен қиындықтар мен тосыннан келген осындай тосқауылдарды жеңіп отырумыз қажет. Біртұтас ұлт дегеніміздің бір шешімі осындай жағдайда көрініс тапса керек. Институт ұжымы бір күндік жалақыларын қиындықты бастарынан кешіп жатқан қостанайлықтарға көмек ретінде аударуға шешім қабылдады.

Дәулет СӘРСЕНБАЕВ,
ҚР ТЖМ «Сейсмология институты» ЖШС директоры.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе»

Білім беру жүйесі ұлт сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады



Асқар ХИКМЕТОВ,
ХАТУ АҚ
басқарма төрағасы, ректор

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте өткен Қазақстан Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында жариялаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесіне айрықша мән берді. Президентіміз тұжырымдағандай, бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Осы саланың өкілі болғандықтан бұл бағдар бізге де үлкен жауапкершілік жүктейді.

Халқымыздағы «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген тағылымды қағидатқа жүгінген Президент табысты ұлт болудың маңызды шарты білім беру жүйесінің сапасына тікелей байланысты екеніне тоқталды. Сондықтан да жастардың білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Жолдауда Мемлекет басшысы осы мәселені маңызды ұлттық жоба деңгейінде қарастырды. «Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде», – деді. Оның айтуынша, «кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы керек. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады».

Президент биыл біз жаңа кезеңге қадам басқанымызды, халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдағанын қадап айтты. Расында да, күні кеше ғана елімізде өткізілген Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Басты мақсаттардың бірі – халқымыздың әл-ауқатының сапалы және инклюзивті есуін қамтамасыз ету. Жоғары білім саласының реформаларын осы бағдарда жүргізген абзал.

Балалар – еліміздің болашағы



Еңлік ҚАСАБЕКОВА,
Философия, саясаттану және
дінтану институты
дінтану орталығының
ғылыми қызметкері

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы ел көңіліне қонымды әрі жағымды жаңалықтарға толы болды. Соның ішіндегі ең ерекше реформаларының бірі – ұлттық қордан өскелең ұрпаққа көмектесу жасына толғанға дейін бөлінетін деген қанатты сөзді – болашақ жастардың қолында екенін, оларға жасаған тәрбиелік және қаржылық инвестицияның

Мемлекет басшысы атап өткендей, отандық жоғары оқу орындарында білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие берілмек. Бұл шаралар жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамда әріптестік пен өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түспек.

Студенттерге, ғылым, денсаулық сақтау, өндіріс, IT салаларының білікті мамандарына түрлі жеңілдіктер беріліп, қолдау көрсетілетіні осы салаларда орын алған түрлі өзекті мәселелерді шешуге көмектеседі. Мәселен, қай өңірде, қай қалада болмасын, бүгінде ата-аналарды да, студент-жастарды да толғандыратын негізгі қажеттіліктің бірі – көптен бері шешімін таппай келе жатқан жатақхана мәселесі еді. Президент өз Жолдауында осы түйткілді шешудің нақты жолдарын көрсетті.

– Келесі маңызды мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек. Сондай-ақ, барлық мәселенің шешімін табуды мемлекеттің мойнына ілу дұрыс емес деп санаймын. Сол себепті, мемлекеттен қаражат алу үшін жекеменшік жоғары оқу орындарының жатақханасы болуы шарт. Әрине, мұны оқу орындарынан біртіндеп талап еткен жөн. Студенттердің жекелеген, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынын субсидиялау мүмкіндігін де қарастыруға болады. Жоғары оқу орындары жанындағы ыңдау-мент-корлар білім беру экожүйесін дамытудың негізгі буынына айналуға тиіс. Сұранысқа ие болып отырған және жоғары білікті мамандардың тапшылығын азайту қажет. Ғылым, денсаулық сақтау, өндіріс, IT салаларының білікті мамандарына жеңілдік жасалады, – деп тұжырымдаған Қасым-Жомарт Тоқаев кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажеттігін атап өтті. Қандай кәсіпке айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде бәсекеге қабілетті болуы керек.


бекерге кетпейтінін аталарымыз біліп айтса керек. Олай болса, бүгінгі жаңа реформа оның жарқын дәлелі іспеттес. Балаларға жағдай жасау, оларға көмек қолын созу, қолдау үлкендердің міндеті, парызы. Жастайынан қолдау көріп өскен бала «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аларсың» дегендей, болашақта еліне жанашыр, қамқор болатыны сөзсіз. Бұл реформа – Жаңа Қазақстанды құрудағы алғышарттардың бірі. Ел Президентінің бұл көрегенділігі қолдауға тұрарлық құптарлық іс. Мұндай істерде Жаңа Қазақстандағы жұрт жағдайын жақсартатын жақсы реформалардың орындалуы мен жүзеге асуы қадағалануы тиіс.

Жаңа Қазақстанды құру балалардан бастау алғаны көңіл қуанып қана қоймай, болашаққа деген сенімнің қайта жандануына үлес қосты. Ендеше, осындай игі істерге ұйытқы болып отырған Президентіміздің жаңа бастамаларын қолдай отырып, әрі қарай да жаңа реформалар күтетінімізді айтқымыз келеді.

Ауыл шаруашылығын дамытамыз десек...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді» деп қадап, нақтылап айтылды. Бұл – шынайы шындық.

Ауылшаруашылық саласын дамыту үшін, ең алдымен оның дамуына кедергі келтіріп отырған проблемаларды анықтауға тиіспіз. Сол проблемаларды біртіндеп шеше бастасак, мақсаттар өз-өзінен орындалады, яғни шаруашылық өнімдері артып, азық-түлік қауіпсіздігі азаяды. Проблемаларды анықтау үшін салада жоспар болуға тиіс. Біз нарықтық экономикада жоспарлау принциптерін ұмытып барамыз. Барлық өзгерістің нәтижесін салыстырмалы түрде ғана анықтауға болады. Ол үшін алдымен өндірісте жоспарлау бағыты жолға қойылу керек. Дұрыс, сауатты жасалынған жоспар, ол жартылай орындалған нәтиже десек, жаңылыспаймыз. Өндірістің нәтижесі – ол алынған өнімнің көрсеткіші. Енді, алынған өнімнің көлемін, жоспарланған мәліметпен салыстырып, оның кіншалықты қажеттілікті қамтамасыз етіп отырғанына талдау



жасаймыз. Міне, сонда ғана алдағы мақсаттарды айқындауға болады. Мақсат – ол алға қойылған жоспар. Әрине, сол жоспарды сауатты ғылыми-өндірістік тәжірибелері мол кадрларға жасатсак, онда ол оң нәтиже беретін, өмірге қажетті баға жетпес құнды, таптырмас еңбек боларына сөз жоқ. Мұндай жоспарларды республика, облыстар, аудандар, ауыл әкімшіліктері бойынша жасату керек. Оны жергілікті барлық кадрды (ғылыми, өндірістік, әкімшілік, т.б.) қатыстырып жасасак, нұр үстіне нұр.

Шешілуге тиісті жоғарыда айтылған проблеманың бірі – кадр мәселесі. Бұрыннан келе жатқан қағидаттардың бірі, «мәселенің бәрі кадрға келіп тіреледі» деген сөз бар. Біз кейінгі жылдары жастары ұлғайған кадрларды зейнеткерлікке жібердік, бірақ орындарына мамандар дайындамадық. Жалпы, кадр мәселесі ауыл шаруашылығында да үлкен тұлға. Қазақстанда қуанды, мағынасы терең мақалдар көп-ақ. Солардың бірі «шымшық сойса да, қасапшы сойсын» деген. Барлық мәселеде де саланы маман басқарса, нәтижесі оң бола-

ды. Кейінгі кездері басшыларды сайлағанда, мамандығына көңіл бөлінбей, кім болса соны, әртүрлі себептермен қоя салатын болдық. Аяғында нәтижесі жақсы болмай жататынына бәріміз де куәміз.

Қорыта келе айтарымыз, еліміз бакуаты өмір сүру үшін бізге, біріншіден, шағын ауылдардың инфраструктураларын (халықтың туып-өскен жеріне қайта оралу үшін) жасау керек; екіншіден, жер-ананы тиімді (әрбір гектарына дейін) пайдалану, одан соң, жылдың аяғында ауыл әкімдерінің есебін тыңдағанда, олардың жұмысын бағалау жерді тиімді пайдаланғанына қарай берілсе; үшіншіден, ауылдық әкімшіліктерге халықтың, малдың, жердің жылдық, айлық статистикалық есебін дұрыстап жүргізіп отыратын бір-бір қызметкер берілу керек, сонда өтірік есеп болмайды; төртіншіден, облыстарға, аудандарға, ауыл әкімшіліктеріне ауылдағы бар мүмкіншілікті толық пайдаланып, ауыл шаруашылық өнімдерін молырақ өндіру үшін жоспарды нақтылап, нығыздап, жоғары мүмкіншілікке таяп жасаттыру.

Бұл келтірілген мәселелер халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің бірнеше ғана проблемалары. Мұндай мәселелер салада көптеп саналады.

Н.АЙТУҒАНОВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері,
ауылшаруашылық ғылымының кандидаты.



ЖОЛДАУ – 2022



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙИНОВА.

БАЙҚАУ

Алматыда дәстүрлі «Almaty ustazy» – жаңашыл ұстаздар байқауы басталды. Аталмыш байқау жыл сайын «Ұстаздар күні» мерекесі аясында өтіп, талантты жас мұғалімдердің танылуына жол ашды.

Жаңашыл ұстаздар көш бастады

Биыл да Алматы қаласы мектептерінде еңбек етіп жатқан 36 жасқа дейінгі белсенді мұғалімдер қалалық байқауға қатысып, бас жүлдеге тігілген 5 000 000 теңгені ұтып алуға мүмкіндік алып отыр. Сонымен қатар, жаңашыл педагогтардың арасынан оқ бойы озып шыққан 5 финалист Финляндияда тағылымдамадан өтуге жолдама алады. Жеңімпаз ұстаздар әлем қауымдастығы мойындаған оқу орындарында тағылымдамадан өтіп, атакты оқымыстылардың дәрісін тыңдайтын болады. Аталмыш жарысты ұйымдастырушылардың айтуынша, дәл қазір Алматы қаласы озық білім беру технологияларының орталығына айналуға дайындық үстінде, мұғалімдер де инновацияларды, цифрлық технологияларды батыл пайдаланып, заманауи контент жасауға және балаларға жақын болуға тиіс.

Жалпы, қазіргі заманауи ұстаз қан-



дай болуы керек деген сауалға Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Әуесханқызы:

– Кез келген мұғалім оқушыларды шабыттандырып отыратын басты тұлға, яғни жетекші болуы керек. Биылғы оқу жылында 1-сыныпқа 32 мыңнан астам оқушы барды, өткен жылмен салыстырғанда балалар саны мыңнан асып кетті. Жалпы, біздің «Almaty ustazy» байқауы үздік халықаралық спикерлердің кәсіби цифрлық дағдыларынан басқа, қазіргі білім беру жүйесіндегі оқыту әдісіне заманауи көзқарас пен құзыретті мұғалімдер қауымдастығын құруға мүмкіндік береді, – деп жауап берді.

Байқауды ұйымдастырушылар мультимедиялық форматтағы автордың оқыту әдістерімен және олардың оқыту философиясымен тәжірибе бөлісуге дайын.

Үш кезеңді қамтыған байқау барысында көшбасшылардың, жетекші халықаралық спикерлердің қатысуымен вебинарлар мен шеберлік сыныптары өткізілетін болады.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

Білім негізі – бастауышта

Білімнің негізгі іргетасы бастауыштан қаланың анық. Егер бала бастауыштан бастап білімге барынша ден қойса, оның келешекте де терең білімді, жан-жақты болып қалыптасуына негіз болары анық. Сондықтан ата-аналар да баласы мектепке барса, оның білім алуына баса назар аударып, барынша күш салып жатады.

Қазіргі таңда Қазақстан бастауыш мектепте оқу ақысы бойынша дүние жүзінде 106 елдің арасынан 58-орында тұр. Бұл осы жылдың 2 қыркүйегіндегі мәліметтерге сай жасалған ақпарат.

Өйткені, бастауыш мектепте білім алу бағасы жағынан Ресей мен Беларуське Қазақстанға қарағанда оқу ақысы әжептеуір қымбатырақ. Ал Өзбекстан, Әзербайжан, Армения, Украина және Молдовада оқу ақысы кәдімгідей арзан көрінеді. Мәселен, рейтинг бойынша ең жоғары баға – Швейцария, Сингапур және Қытайда болса, ең төмен баға – Шри-Ланка, Пәкістан және Бангладеште екен. Елімізде бастауыш білім саласындағы қызметтер көлемі 142,6 млрд теңгені құрап отыр. Бұл көрсеткіш бір жыл бұрын 107,9 млрд теңге болған еді. Еліміз бойынша Түркістан облысында бастауыш білім беру саласында ең көп қызмет көрсетіліп отыр. Бұл ретте 36,3 млрд теңге – бір жыл бұрынғыға қарағанда 28,9% артық. Бұдан кейінгі кезекте Алматы (17,5 млрд теңге, плюс 39,8%) және Жамбыл облысы (17 млрд теңге, плюс 36,1%) тұр. Сонымен қатар, осы жылдың тамыз айында балаларды дамыту орталықтары қызметтерінің құны 6,5% өсті. Бағаның өсуі Шығыс Қазақстан, Атырау және Қызылорда облыстарында байқалса, ең төменгі жылдық өсім Шымкентте тіркелді. Ал Алматы мен Жамбыл облысында дамыту орталықтары қызметтерінің бағасы бұрынғы деңгейде қалып отыр.

Мектеп салу басталады

Елімізде келесі жылдан бастап бұрын-соңды болмаған көлемде мектептер салу науқаны басталмақшы. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 800 мыңнан астам оқушыға арналған мектеп салынады. Сондай-ақ, үш ауысымды және апатты жағдайдағы мектептердің проблемасы шешіледі. Мемлекет басшысы өзінің биылғы Жолдауында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру туралы тапсырма бергені белгілі. «Жайлы мектеп» жобасы аясында бірыңғай құрылыс және жабдықтау стандарты қолданылады. Яғни жоба шеңберінде ашылатын мектептердің барлығы заманауи құрылғылармен жабдыкталады.

Жаңа жүйе енгізіледі

Тәрбиешілердің жалақысы басқа педагогтардікінен әлдеқайда төмен екені жиі айтылып келеді. Сондықтан еліміз бойынша

балабақша педагогтарын аттестаттаудың жаңа жүйесі енгізілмекші. Сонымен қатар, тәрбиешілердің жалақысы артатын болды. Халықаралық тәжірибеге сәйкес тәрбиешілердің жүктемесі айтарлықтай азаятын болады. Әрине, бұл мәселелердің жандануына биылғы Мемлекет басшысының Жолдауы түрткі болып отырғаны анық. Сонымен, ел Президенті биылғы өз Жолдауында балабақшаларда жұмыс істейтін педагогтардың жалақысын көбейтіп, жүктемесін азайтуды тапсырды. Өйткені, бүгінгі күні балабақшаларда жұмыс істейтін тәрбиешілердің айлығы мектептегі және басқа да мекемелердегі педагогтардың жалақысынан әлдеқайда төмен екені анық. Бұған қоса, дәл қазіргі уақытта 2–6 жастағы балаларды балабақшамен қамту көрсеткіші – 88 пайыз. Дәл қазір 2–6 жас аралығындағы балаларды балабақшамен қамту бойынша тиісті жұмыстар қолға алынып жатыр.

Жұмыс тобы құрылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауда көтерген білім мәселелері бойынша жұмыс тобы құрылып отыр. Мәселен, Жолдауда білім саласына қатысты бірқатар мәселелер көтерілді. Жолдаудағы Президент жүктеген тапсырмалар білім берудегі ең маңызды сұрақтарды қамтып отыр. Оның ішінде балабақша тәрбиешілерінің жалақысын көтеріп, жүктемесін төмендету бар. Сол сияқты, бой көтеретін жаңа мектептер де қазіргі заманның барлық талабына сай салынатын болады.

Тегін курсты оқып алыңыз!

Қазақстанда пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға арналған тегін курстар өтіп жатыр. Қазірдің өзінде еліміз бойынша 18 мыңнан астам мұғалім оқудан өтіп үлгерді. Аталмыш курстар осы жылдың тамыз айында басталған болатын. Бұл курстарды «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының өкілдері әзірлеп, өткізіп жатқандықтан, әлі де 40 мыңнан астам пән мұғалімін оқытуды жоспарлап отырғандарын айтады.

Жалпы, «Өрлеу» орталығы бір айдың ішінде 700-ге жуық курс өткізді. Бүгінгі күні әлі де 5 мың педагог оқып жатыр. Курстар соң педагогтар тест тапсыратын болады. Бұл ретте кәсіби біліктілігін арттырғысы келетін ұстаздар санының жыл санап артып келе жатқаны қуантады. Мұндай курстар ұстаздар жұмысының сапасына да, білім сапасына да, жалпы оқушылардың біліміне де оң әсер ететіні анық. Бұған дейін «Өрлеу» орталығының 70-тен астам маманы 12 пән бойынша 44 бағдарлама әзірлеген болатын. Бұдан былай ұстаздар математика, информатика, физика, химия, биология, география, жаратылыстану, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, тарих және бастауыш сынып мұғалімдері біліктілікті арттыру курстарынан тегін өте алады. Курстың соңында оқытудың тиімділігіне талдау мен мұғалімдердің алған біліміне қорытынды бағалау жүргізіліп, мұғалімдер міндетті түрде тест тапсырулары керек. Барлық шекті балл жинаған мұғалімдер сертификатқа ие болады.

Ел Президенті биылғы Жолдауында балабақшаларда жұмыс істейтін педагогтардың жалақысын көбейтіп, жүктемесін азайтуды тапсырды. Өйткені, бүгінгі күні балабақшаларда жұмыс істейтін тәрбиешілердің айлығы мектептегі және басқа да мекемелердегі педагогтардың жалақысынан әлдеқайда төмен екені анық. Бұған қоса, дәл қазіргі уақытта 2–6 жастағы балаларды балабақшамен қамту көрсеткіші – 88 пайыз



ӘРІПТЕС ӘЛЕМИ

Демалыс күні Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен БАҚ өкілдері арасында футболдан турнир өтті. Қала күні қарсаңында қаламыздың бас стадионының жанындағы шағын алаңда өткен жарысқа барлығы 6 команда қатысты.

«Alatau Aqparat» ұжымының атынан бүгінде еңбегінің зейнетін көріп жүрген ардагерлерден құралған «Ақпарат-1» командасы мен оқырман үшін тер төгуін тоқтатпаған жас және орта жастағы мамандардан жиналған «Ақпарат-2» командасы қатысты. Одан бөлек, жалпы турнирде «ҚазИнформ», «Stan.kz», «Alash Media» және «31 телеарна» журналистері бақ сынады.

Жарыс Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Айдар Есенбековтің алғы сөзінен басталып, командалар жеребемен екі топқа бөлінді. «А» тобына «Ақпарат-1», «ҚазИнформ» және «31 телеарна» командалары кірсе, «В» тобына «Ақпарат-2», «Stan.kz» және «Alash Media» ұжымдары бөлінді.

Топтық кездесудің барлық ойындарында жеңіске жеткен біздің командалар жартылай финалға екі топтан да бірінші орынмен шықты. «ҚазИнформ» командасынан басым түскен «31 телеарна» жігіттері «А» тобынан екінші орынмен шықты. Ал «Alash Media» мен «Stan.kz» командалары екінші орын үшін таласта 1:1 есебімен тең ойнап, доп айырмашылығы бойынша жақсырақ нәтиже көрсеткен «Alash Media» келесі кезеңге өтті.

Түскі үзілістен кейін өткен жартылай финал ойындарында «Ақпарат-1» ардагерлер командасы «Alash Media» журналистеріне қарсы сынға түсті. Ойын бастапқыда 3:2 есебімен өте тартысты өтіп жатқан. Алайда, өмірлік тәжірибесі мол мамандар бір сәтте алға шығып, «Ақпарат-1» 5:2 есебімен жеңіске жетті. Плей-офф кезеңінің екінші кездесуінде «Ақпарат-2» командасы «31 телеарна» қақпасына қайтарымыз 4 гол соғып, финалға өтті. Шешуші кезеңге бір қадам жетпей тоқтаған «Alash Media» және «31 телеарна» жігіттері жүлделі үшінші орын үшін таласқа түсті. Екі ұжым да жеңіс үшін барын салғанымен, «31 телеарна» командасының бабы мен бағы келісіп, 2:1 есебімен басым түсті.

Финалда кездескен «Alatau Aqparat» ұжымының екі командасы ойынға дейін өзара ілтипат білдіргенімен, төреші ысқырығы естілген кезде бәрін артта қалдырып, тек жеңіс үшін таласты. «Жастықтың оты жеңе ме, әлде ардагерлер тәжірибесі алға шығара ма?» деген сұрақ көрермендердің көкейінде тұрды. Кездесу басында ардагерлер командасы өте белсенді болып,



БІЗ – ЧЕМПИОНБЫЗ!

«Alatau Aqparat» ұжымының ардагерлері футболдан БАҚ өкілдері арасындағы турнир Кубогын жеңіп алды



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

бүкіл турнир бойы бірде-бір рет жеңілмеген жастар командасына 2 гол соқты. Ардагерлерден мұндай шебер ойын күтпеген «Ақпарат-2» біраз уақыт ештеңе істей алған жоқ. Дегенмен, алдыңғы буындағы ағалары шаршай бастағанда жылдам шабуылдар жасап, есепті теңестірді – 2:2. Кездесудің екінші жартысы тең есеппен басталғанымен, көп ұзамай «Ақпарат-2» командасы тағы 2 гол соғып алға шықты. Есеп 4:2-ге айналған соң ойын қарқыны

біраз басылғаны байқалды. Жас мамандар өз жеңісіне сенімді болды. Алайда, тәжірибелі журналистер уақытынан бұрын босануға болмайтынын көрсеткендей, соңғы минуттарда есепті теңестіріп кетті. Кездесудің негізгі бөлігінде жеңімпазды анықтай алмаған екі команда пенальти тебуге көшті. Алаң ойыншылары 10 рет соққы жасаса да, жеңімпазды анықтай алмады. Ендігі кезек қақпашыларға келді. Бірінші болып соққы жасаған «Ақпа-

рат-2» қақпашысы өз мүмкіндігін мүлті жіберді. Алаңдағы барша көрермендер мен ойыншылардың көзі ардагерлер командасының қақпашысы Руслан Әминовқа тігілді. Осындай жауапты сәтте ардагер маманның тәжірибесі шынайы сезілді. Ол салқынқандылықпен соққы жасап, өз командасына жеңіс сыйлады.

Турнир нәтижесінде біздің ардагерлер командасы кубок көтерсе, жастар ұжымы екінші орыннан көрінді.

ФУТЗАЛ

«Қайрат» тағы кубок алды

Алматылық «Қайрат» футболдан жетінші рет Суперкубок иегері атанды.

Ақтау қаласында футболдан Қазақстан кубогы басталар алдында, дәстүрлі түрде өткен чемпионаттың екі үздік командалары арасында Суперкубок ойнатылды. Ойын 2021-2022 жылғы маусымның нәтижесі бойынша 77 ұпай жинап, чемпион атанған «Қайрат» пен 67 ұпаймен ішкі біріншілікте екінші болған «Аят» арасында өтті.

10-шы рет өткізіліп отырған Суперкубок ойыны екі команда тарапынан баяу басталды. Ойын басында бір команданың басымдылығы болды деп айта алмаймыз. Алайда, «Аят» ойыншысы Леандриньо соққан голдан кейін ойын бейнесін өзгертті. Рудныйлық ойыншы айып добынан соң қақпаға дәл соққы жасап, 10-минутта көзге түсті. Алматылық команданың негізгі қақпашысы Игита кішігірім жарақатына байланысты кездесуге қатыспады. Есеп бойынша артта қалып, негізгі ойыншылары сапында болмаған «Қайрат» бірінші таймда мүлдем өз ойынын таба алған жоқ. Бірінші голдан алты минут өткен соң Леандриньо тағы да гол соғып, есеп айырмасын үлкейтті. Алғашқы таймның соңына дейін «Аят» ойыншылары

тағы 2-3 гол соғатын өткір сәттер туындады. Алайда, Азат Валиуллин мен Лео өз мүмкіндіктерін пайдалана алмады.

Үзіліс кезінде бас бапкер Какадан біраз ұрыс естіген алматылық ойыншылар кездесудің екінші жартысын сергек бастады. Бастапқы үш минут ішінде алматылық ойыншылар үш рет көзге түсіп, 3:2 есебімен камбэк жасады. Гол авторлары Дәурен Тұрсағұлов, Альберт Ақбакиков және Шыңғыс Есенаманов болды. Матчтың 33-минутында Альберт екінші голын соғып, есепті 4:2-ге жеткізді. Екінші тайм өте сәтсіз басталса да, рудныйлық команда жеңіс үшін күресуін тоқтатпады. 37-минутта «Аят» ойыншысы Антон Рындин есеп айырмасын қысқартты. Дегенмен, Алматыдан келген команда бұдан кейін қателік жібермей, ойын нәтижесінде 4:3 есебімен жеңіске жетті. Осылайша «Қайрат» футболдан 7-рет суперкубок иегері атанды.

Маусымашар ойыннан кейін футболдан Қазақстанның бүкіл командалары ел Кубогы үшін тартысты бастады. Жергілікті «Каспиймен» кездескен «Қайрат» 9:0 есебімен, ал «Атыраумен» тартысқа түскен «Ақтөбе» 4:1 есебімен ірі жеңістерге жетті. Бір доп басымдылықпен рудныйлық «Аят» Оралдың «Бәйтерегін» (3:2), ал елордалық «Астана» «Рахмет» командасын (4:3) жеңді.

КӨЛІК ЖАРЫС

Темір тұлпарлар тартысы

Жексенбіде Қала күніне орай Алматы көшелерінде қолдан жасалған көліктер жарысы өтті.

Алматы әкімдігінің қолдауымен мегаполисте Red Bull Soapbox Race – қолдан жасалған болидтер жарысы ұйымдастырылды. Қалыптасқан дәстүр бойынша жарыс жолы Достық даңғылының, Абай мен Сәтбаев көшелерімен қиылысқан бөлігінде құрастырылды. Жарыс жолы небәрі 400 метр болса да, жолда неше түрлі локациялар құрылды. Атап айтқанда, танымал табиғи локациялар мен көрнекті архитектуралық орындар түрінде бейнеленген 5 кедергі орнатылды. Red Bull Soapbox Race жолында Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған 60 команда бақ сынады. Командалар тек жылдамдық бойынша мықтыны анықтап қоймай, оған қоса көлік құрастырудағы креативтілік пен тапқырлық бойынша да сыйсқа түсті.

Айта кеткен жөн, Red Bull Soapbox Race жарысы алғаш рет 2000 жылы Бельгияда ұйымдастырылған. Ерекше жарыс әлемдік спорт сүйер қауым мен өнертапқыштар арасында қызығушылық тудырып, бүгінде әлемнің 100-ге жуық елінде өтеді. Қазақстан бұл жарысқа 2017 жылы қосылып, алғашқы жолды Алматыда құрды. Осы жылы қолдан жасалған көліктер жарысы оңтүстік астанамызда үшінші рет өтті.

Биыл болидтер жарысының жеңімпазы Абу-Дабида өтетін «Формула-1» Гран-При жарысын тамашалауға жолдама алды.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген ішкі тартуға клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ МАҰСЫМЫНДА
153 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
50 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% ЖЕҢІЛ

Бас ауру, түншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр


Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін іскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Екін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет



БАҒДАРЛАМА

Тазалық жануарларға да керек

Алматы қаласында қаңғы-бас жануарлардың санын ізгілікті түрде реттеудің 2021–2024 жылдарға арналған бағдарламасы шенберінде үй жануарларын тегін зарарсыздандыру және піштіру бағдарламасын жалғастыру көзделген. Аталған бағдарлама аясында шамамен 9000 ит пен мысықты қамту жоспарланып отыр.

Бағдарламаға қатысуға Pet Control деректер қорында сенімді есепке алу үшін ветеринариялық паспорты мен микрочипы бар жануарлар жіберіледі. Микрочипы мен паспорты болмаған жағдайда, оларды ветеринариялық кез келген емханадан қосымша ақы төлеп алуға болады.

Иттер мен мысықтарды зарарсыздандырудың жас шектеуі 7 айдан 9 жасқа дейін, төбет иттер мен ер мысықтарды зарарсыздандырудың жас шектеуі 6 айдан 9 жасқа дейін.

Нұр ЖАМАЛ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Кірістер мен мүлік туралы декларацияны 2022 жылғы 15 қыркүйекке дейін тапсыру қажет

2021 жылы жалпыға бірдей декларациялау шенберінде активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынған адамдар, Салық Кодексінің 630-бабының 2-тармағына сәйкес 2022 жылдан бастап жыл сайын кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (СК 633-бабы) ұсынуға міндетті. Бұл, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтен босатылған адамдарға және азаматтар санатынан шыққан, декларация тапсыруға міндетті адамдарға (сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайлары мен басқа да санаттағы адамдардың зейнетке шығуына) қатысты.

Сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Заңына сәйкес активтері мен міндеттемелері туралы декларация табыс еткен (250 СЕН) және мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға кандидаттар болып табылған адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары) жыл сайын міндетті егер олар жұмысқа түспесе немесе сайланбалы лауазымға сайланбаса да, кірістері мен мүлкі туралы декларацияны 270.00 СЕН (СК 633-бабы) табыс етуге құқылы.

Кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270.00-нысан) тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік кіріс органына 2022 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде электрондық түрде ұсыну қажет.

Осы жылы декларацияны табыс ету жөніндегі міндеттеме мынадай санаттарда бар:

- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары);
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары);
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары);
- өздеріне жүктелген функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес декларацияны табыс ету жөніндегі міндет.

Бұдан басқа, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 272-бабы негізінде мемлекеттік кірістер органына салық заңнамасында белгіленген мерзімде салық есептілігін ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделгенін еске саламыз.

Сұрақтар туындаған жағдайда 1414 байланыс орталығы арқылы хабарласуларыңызды сұраймыз.

Т.ТУРГАЕВ,

Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503
(жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге
3 айға – 1801,50 теңге

15503
(кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге
3 айға – 4861,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге
3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqshamy» ЖШС.
almaty-aqshamy@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VRY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ҚҰРМЕТ

ЖАУЫНГЕР
101-ГЕ КЕЛДІ

Панфилов
дивизиясының соңғы
жауынгерлерінің бірі,
Ұлы Отан соғысының
ардагері Қайырлы
Жонқабаев өткен аптада
101 жасқа толды.
Қайырлы атаны
Қазақстан
Республикасы Ұлттық
ұланы «Оңтүстік» өңірлік
қолбасшылығы жылда
ұмытпай, шаңырағына
арнайы барып
құттықтауды дәстүрге
айналдырған.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының орынбасары, полковник Ниязтай Әлкешевтің басшылығымен әскери қызметшілер және ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы полковник Асатулла Құлахметов ғасыр куәгерінің қолынан алып амандасып, туған күнімен құттықтады.

Қария есігінің алдына шығып, өзінің құрметіне 5571 әскери бөлімнің оркестрі орындап берген соғыс жылдарындағы әндерді тыңдады. Ұлттық ұландықтарға ақ батасын берді.

Қайырлы Уатайұлы – соғысқа басынан аяғына дейін қатысқан кешегі жауынгер. 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы құрамында пулеметші болған. Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллинмен бір ротада борышын өтеген. Белоруссия, Польша, Эстонияны азат етуге қатысқан. 1943 жылы ақпанда Ржевтегі қанды майданда ауыр жараланған. Жеңісті Дрезденде қарсы алды.

Соғыстан кейін адал еңбек етіп, 1983 жылы құрметті еңбек демалысына шыққан. Бес бала тәрбиелеп өсірді.

Бүгінде кеудесінде Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін берілген «Қызыл Жұлдыз» және II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін», «Мәскеуді қорғағаны үшін» медальдары жарқырап тұр.

JASFEST



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАСТАРҒА ЖОЛ КӨРСЕТТІ

Демалыс күні М.Ганди атындағы саябақта Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен JAS FEST қалалық фестивалін өткізді. Іс-шара барысында жастарға уақытты пайдалы әрі көңілді өткізуге мүмкіндік беретін 150 қалалық демалыс орталығы тегін ұсынылды.

Досбол
АТАЖАН

«Бұл фестивалді өткізудегі басты идея – жастар мен балалар үй жанындағы өздеріне қолайлы демалыс орталығына бара алатындай мүмкіндік жасау. Жыл соңына дейін әр орталықтың өз қатысушылары мен тәлімгерлері болады деп үміттенеміз», – деді Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры Әзиз Қажденбек.

Жастар фестиваліне барлығы 3500-ден астам адам қатысты. Келушілер назарына өнер саласының үйірмелері – вокал, би, актерлік шеберлік сағаттарынан бастап, спорт түрлері – шахмат, аралас жекпе-жек, бокс, күрес, т.б. және колөнер орталықтары ұсынылды. Фестиваль кезінде барлығы

ғы 1000-нан астам бала мен жасөспірімдер әртүрлі секцияларға жазылды.

Фестивальдің барлық бағдарламасын Алматының талантты жасөспірімдері мен жастары – қалалық демалыс орталықтарының тәрбиеленушілері дайындады. Олар келушілердің көңіл күйін көтеретін концерт қойып, әртүрлі шеберлік сағаттарын өткізді.

Айта кеткен жөн, демалыс орталықтары – бұл жастар оқудан немесе жұмыстан бос уақытында шығармашылықпен, спортпен және өзін-өзі дамытумен айналысатын клубтар. Демалыс орталықтары жастардың тұрғылықты жерінде бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған. Ал бұл өз кезегінде құқықбұзушылықтың алдын алу, нашакорлық, т.б. әлеуметтік келеңсіз құбылыстармен күресу сияқты мәселелерді шешуге ықпал етеді.

КӨРМЕ

«ШЕЖІРЕ»

отбасы құндылықтары мен дәстүрлерін насихаттайды



Қазақстандықтар 2013 жылдан бері қыркүйек айының екінші жексенбісін «Отбасы күні» мерекесі ретінде атап өтеді. Бүгінде бұл халықтық мерекеге айналған.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Almaty Gallery» мемлекеттік көркемсурет галереясында «Шежіре: қазақ отбасының құндылықтары мен дәстүрлері» атты көрме ашылған болатын. Мәдени іс-шара 3 қыркүйекте ашылып, 11 қыркүйекке дейін өз көрермендеріне қуаныш сыйлады.

Көрмені Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі, «Almaty gallery» галереясы, ҚР Суретшілер одағы және Art of Her медиа-порталының мүшелері бірігіп ұйым-

дастырған. Адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға, отбасы мен неке мәртебесін арттыруға бағытталған көрмеге кәсіби суретшілердің, ҚР Суретшілер одағы мүшелерінің және басқа да қауымдастықтардың 50-ден астам картиналары ұсынылды.

Көрме аясында «Onermen kezdesy» іс-шарасы ұйымдастырылып, онда Art Society спикері, өнертану профессоры Ольга Батурина «Қазақстан мен әлемнің бейнелеу өнеріндегі махаббат пен отбасы» тақырыбында дәріс оқыды.

«Алматының Қазақстанның ұлттық кескіндеме мектебінің орталығы атануы тегін емес, мұнда заманауи көркем сурет процесінің барынша жарқын және қызықты қырлары шоғырланған. Сондықтан менің

түсінігімде кескіндеме өнері, бұл майлы бояулармен жасалған немесе пакет рамаға салынған, біз музейлерде қызықтайтын картиналар ғана емес. Кескіндеме ұғымы кең әрі мейлінше сан алуан техниканы қамтитын, адамға эстетикалық ләззат сыйлайтын құнды да әсем шығармалар туындысы. Отбасындағы махаббат туралы көріністер – біздің суретшілердің сүйікті істерінің бірі. Бұл кездейсоқ емес. Өйткені, қазақтың дәстүрлі мәдениеті адам өмірінің ең басты қазынасы ретінде отбасының маңыздылығы мен құндылығын түсінуге негізделген. Мұнда Айша Ғалымбаева, Гүлфайрус Исмайлова, Молдахмет Кенбаев, Марат Бекеев, Тұрсын Әбуов, Тоқболат Тоғызбаев, Елена Бейсембинова, Әлібай Бапанов, Ғанижамал Тағенова секілді қазақтың атақты суретшілерінің жұмыстары да бар. Сонымен қатар, дарынды суретші Әйгерім Кәрібаева секілді жаңа есімдермен де таныстырамыз», – дейді Ольга Батурина.

Көрмеге келушілер махаббат, отбасы және балалық шақты бейнелейтін Ежелгі

Египет, ренессанс, барокко, жаңа дәуір, XX ғасыр кескіндемесінің әлемдік бейнелеу өнерінің шедеврлерін тамашалады. Сонымен қатар, отандық өнер шеберлерінің отбасы тақырыбындағы ең үздік шығармаларымен танысты.

Отбасы құндылықтарын өз еңбектерінде басты тақырып етіп алмаған суретшілер кемде-кем. Қазақ бейнелеу өнерінің майталмандары Ә.Қастеев, М.Кенбаев, Е.Сидоркин, Г.Исмайлова, Ж.Қайрамбаев және т.б. суретшілер әр кезеңдегі отбасы тақырыбын қылқалам тілінде сөйлетіп, қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғаған. Олар туындыларында кейіпкерлердің даралығы мен қайталанбас сипатын ғана емес, ең алдымен нәзік қарым-қатынасты, жылулық пен сезім үйлесімділігін көрсете білген. Бүгінде бұл дәстүрді жас суретшілеріміз жалғастырып келеді.

Айта кеткен жөн, «Almaty Gallery» – мегаполистің орталығындағы Медеу ауданы аумағында орналасқан республикалық және халықаралық ауқымдағы жеке және топтық көрмелерді өткізуге өз залдарын пайдалануға тегін беретін бірден-бір мемлекеттік алаң. Мәселен, тек 2020–2022 жылдары Almaty Gallery-де 30-дан астам жоба ұйымдастырылып, аталмыш жобалар аясында оңтүстік астананың тұрғындары мен қонақтары Қазақстанның, жакын және алыс шетел суретшілерінің шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алған. Сондай-ақ, Almaty Gallery-де шеберлік сыныптары, өнертану бойынша дәрістер өткізіледі, балаларға арналған кескіндеме негіздеріне оқытуға бағытталған үйірмелер жұмыс істейді. Шығармашылық тандем және ұрпақтар үндестігі байқалады, аты аңызға айналған суретшілер мұнда өнерімен бөлісіп, өзінің ісін өскелең ұрпаққа бере алады. Барлық стенділер мен экспозициялар, жарықтың берілуі өте мобилді, әрі суретшінің толық мүмкіндігін көрсете алады.

Халқымыздың ұлттық болмысының тірегі, басты құндылығы отбасы екені сөзсіз. Аталмыш көрмеде ата-анаға, үлкенге деген құрмет, туған-туыс арасындағы ерекше сыйластық секілді қасиеттер дәстүрлер сабақтастығынан көрініс тапқан.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 477,37 теңге



USD/KZT 473,35 теңге



RUB/KZT 7,84 теңге



CNY/KZT 68,39 теңге